Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚОСЫМША ШЫҒЫНДАРДЫҢ СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ
Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар

СМЕТНЫЕ НОРМЫ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ЗАТРАТ
Затраты на организацию и управление строительством

ҚР ҚНБҚ 8.04-09-2022
НДЦС РК 8.04-09-2022

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Астана, 2022

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚОСЫМША ШЫҒЫНДАРДЫҢ СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ
Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар

СМЕТНЫЕ НОРМЫ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ЗАТРАТ
Затраты на организацию и управление строительством

ҚР ҚНБҚ 8.04-09-2022
НДЦС РК 8.04-09-2022

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Астана, 2022

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӘЗІРЛЕГЕН:	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН:	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (ҚР ИИДМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ	ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.12.2022 ж. №223-НҚ бұйрығымен
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:	01.01.2023ж. бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

1 РАЗРАБОТАН:	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН:	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (МИИР РК)
3 УТВЕРЖДЕН И	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МИИР РК от 01.12.2022 года № 223-НҚ
ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:	01.01.2023 г.

Осы мемлекеттік нормативті сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті органның ведомствосы рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения ведомства уполномоченного органа в области архитектуры, градостроительства и строительства.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы 1
2 Нормативтік сілтемелер 1
3 Жалпы ережелер 2
4 Жалпы құрылыс бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыру және басқаруға байланысты шығындар (жалпы алаң бойынша шығындар) 2
5 Құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдеріне байланысты қосымша шығындар . 11
5.1 Жалпы ережелер 11
5.2 Қысқы кезеңде ғимараттарды уақытша жылытуға байланысты шығындар 13
5.3 Құрылыс объектілерінің құрылыс алаңын қардан тазалау бойынша шығындар 15
5.4 Қар құрсауын жою бойынша шығындар 15
5.5 Уақытша кірме жолдарды салуға және ұстауға арналған шығындар 15
5.6 Уақытша инженерлік коммуникацияларды салуға және ұстауға арналған шығындар . 15
5.7 Техниканы жұмылдыруға және демобилизациялауға арналған шығындар 16
5.8 Қолданыстағы тұрақты автомобиль жолдарын және осы жолдардағы құрылысқа арналған смета есебінен салынған және құрылыс қажеттіліктері үшін пайдаланылатын құрылыстарды құрылыс аяқталғаннан кейін қалпына келтіре отырып, оларды ұстауға арналған шығындар 16
5.9 Құрылыс және монтаждау ұйымдарының жұмыскерлерін автомобиль көлігімен тасымалдау бойынша шығындар 17
5.10Вахталық әдіспен жұмыстарды орындауға байланысты шығындар 17
5.11 Құрылыс, монтаждау және арнайы құрылыс жұмыстарын орындау үшін жұмысшыларды іссапарға жіберуге байланысты шығындар 25
5.12 Ғимараттар мен құрылыстардың өткізілуі мен деформациялануына геодезиялық бақылау жүргізуге арналған шығындар 26
5.13 Осы объект үшін ғана құрылыс және монтаждау жұмыстарының нақты түрлерін орындау кезеңіне қажетті уақытша құрылғыларды салуға арналған шығындар 27
А қосымшасы 28
Б қосымшасы 35
В қосымшасы 36
Г қосымшасы 36

Кіріспе

Құрылыстың сметалық құнында әрбір жеке ғимарат пен құрылысқа емес, жалпы осы құрылысқа қатысты шығындар орын алады. Мұндай шығындарға құрылыс алаңында жұмыстарды ұйымдастыруға арналған шығыстар, мердігер ұйымның әкімшілік-шаруашылық шығыстары, құрылыс ұйымы жобасының шешімдерімен байланысты қосымша шығындар, сондай-ақ құрылыстың сметалық құнының басқа компоненттері ескерілмеген мердігер ұйымның өзге де шығыстары жатады.

Осы нормативтік құжатта жалпы құрылыс бойынша құрылысты жүзеге асыруға байланысты мердігер ұйымның шығыстарын жабуға арналған қаражатты сметалық құжаттамада есепке алу жөніндегі ережелер келтіріледі.

Мемлекеттік нормативті әзірлеу қажеттілігі объективті факторлардан, сондай-ақ объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеудің қазіргі заманғы практикасында туындайтын құрылыстың сметалық құнын айқындау мәселелерін реттейтін жекелеген нормативтік ережелерді ретке келтіру қажеттілігінен туындады.

ҚОСЫМША ШЫҒЫНДАРДЫҢ СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ ҚҰРЫЛЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖӘНЕ БАСҚАРУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

ESTIMATED NORMS OF ADDITIONAL COSTS COSTS FOR THE ORGANIZATION AND MANAGEMENT OF CONSTRUCTION

Енгізу күні 2023-01-01

1 Қолданылу саласы

1.1 Қосымша шығындардың сметалық нормалары сметалық құжаттамада жалпы құрылыс бойынша құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындарды жабуға арналған қаражаттың нормативтік мөлшерін анықтауға арналған.

1.2 Осы нормативтік құжатта (бұдан әрі – Жинақ) келтірілген қосымша шығындардың нормалары жобалау алдындағы, жобалық-сметалық құжаттама құрамында әзірленетін қолданыстағы объектілерді (ғимараттарды, құрылыстарды және олардың кешендерін, коммуникацияларды) салудың (объектілердің жаңаларын салудың және (немесе) қолданыстағыларын өзгертудің (кеңейтудің, жаңғыртудың, техникалық қайта жарақтандырудың, қайта жаңартудың, күрделі жөндеудің), олармен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықты монтаждаудың (бөлшектеудің), сондай-ақ қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеу (бұзу) жөніндегі жұмыстардың сметалық құнын айқындау кезінде қолданылады.

Сметалық құжаттаманы жасау кезінде қосымша шығындардың сметалық нормаларын қолданудың ерекшеліктері мен шарттары осы Жинақтың тиісті бөлімдерінде жазылған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Жинақты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидалары.

ҚР ЕЖ 2.04-01 «Құрылыс климатологиясы».

ҚР ҚНБҚ 8.01-05 «Құрылыс ресурстарына арналған сметалық бағалардың және құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалардың есебі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар».

Ескерту - Осы Жинақты пайдалану кезінде сілтемелі нормативтік құжаттардың мерзімді басып шығарылатын құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттар тізбесі бойынша (СҚҚК-5) ағымдағы жылғы жағдай бойынша қолданылуын және ағымдағы жылы жарияланған тиісті сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогтарына сәйкестігін тексерген орынды. Егер сілтемелік құжат алмастырылса (өзгертілсе), онда осы Жинақты пайдалану кезінде алмастырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданылады.

3 Жалпы ережелер

3.1 Жалпы құрылыс бойынша құрылысты ұйымдастыру және басқару шығындарына мыналар жатады:

а) жалпы құрылыс бойынша құрылыс алаңында құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыру және басқаруға байланысты шығындар (жалпы алаң бойынша шығындар);

б) құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдеріне байланысты қосымша шығындар.

3.2 Құрылыстың сметалық құнын айқындау кезінде құрылысты ұйымдастыру және басқару шығындары осы Жинақтың (нормативтік әдіс) немесе есептің (есептік әдіс) нормалары бойынша есепке алынады. 5-бөлімде көзделген жағдайларды қоспағанда, нормативтік және есептік әдістерді бір уақытта пайдалануға жол берілмейді.

3.3 Ірілендірілген сметалық нормативтерді пайдалана отырып құрылыстың сметалық құнын анықтау кезінде осы Жинақта келтірілген қосымша шығындар нормаларын қолдану осындай нормативтерде ескерілген шығындардың құрамына байланысты болады.

Егер ірілендірілген құн көрсеткіштерінде осы Жинақта келтірілген қосымша шығындар ескерілген болса, онда сметалық құжаттаманы жасау кезінде осы Жинақта белгіленген тәртіппен тиісті шығындар қайтадан есепке алынбайды.

4 Жалпы құрылыс бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыру және басқаруға байланысты шығындар (жалпы алаң бойынша шығындар)

4.1 4-бөлімде келтірілген қосымша шығындардың сметалық нормалары сметалық құжаттамадағы жалпы құрылыс бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыру және басқаруға байланысты шығындарды (жалпы алаң бойынша шығындар) айқындауға арналған.

4.2 Жалпы алаң бойынша шығындарды жабуға арналған қаражат құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар» деген 8-тарауына енгізіледі.

4.3 Жалпы алаң бойынша шығындарға мыналар жатады:

мердігердің әкімшілік-шаруашылық шығыстары;

құрылыс алаңдарында жұмыстарды ұйымдастыруға арналған шығыстар;

құрылыстың температуралық аймағының климаттық жағдайларына байланысты құрылыс-монтаждау (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын жүргізу кезіндегі қосымша шығыстар (еңбек өнімділігінің төмендеуіне байланысты шығындардан басқа);

мердігердің өзге де шығыстары.

Сметалық нормаларда ескерілген, мердігер ұйымның жалпы құрылыс бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыру және басқаруға байланысты жалпы алаң бойынша шығындарының тізбесі А қосымшасында келтірілген.

4.4 Жалпы құрылыс бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдыстыру және басқарумен байланысты жалпы алаң бойынша шығындардың нормалары 1-кестеде келтірілген. Сметалық нормалар құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің 1÷7-тарауларының қорытындысы бойынша құрылыс және монтаждау жұмыстарының сметалық құнының пайызымен белгіленген және құрылыс түріне қарай қолданылады. Құрылыс түрі жобаның (жұмыс жобасының) атауымен белгіленеді.

4.5 Қосымша шығындардың сметалық нормалары суық кезеңнің температуралық жағдайларына байланысты аймақтардың температуралық аймақтарына сәйкес сараланады. Сметалық нормаларда бір жылдағы суық кезеңнің үлес салмағының орташа мәндері қабылданған. Қазақстан Республикасының өңірлерін температуралық аймақтар бойынша бөлу Б қосымшасында келтірілген.

1-кесте – Жалпы құрылыс бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын ұйымдастыруға және басқаруға арналған жалпы алаң шығындарының нормалары

Пайызбен

Құрылыс түрлері	Температуралық аймақтар			
	I	II	III	IV
1 Жаңа құрылыс				
Өнеркәсіптік құрылыс				
1.1 Қара металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары (тау-кен өндірушілерден басқа)	7,7	7,9	8,4	8,7
1.2 Түсті металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары (тау-кен өндірушілерден басқа)	7,0	7,4	8,0	8,5
1.3 Мұнай, газ және газ конденсатты кен орындарын (кәсіпшіліктерді) жайластыру объектілері	8,2	9,0	9,8	10,3
1.4 Машина жасау және электртехникалық өнеркәсіп кәсіпорындары	7,2	7,6	8,3	8,8
1.5 Тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары:				
а) жаңа көмір (тақтатас) шахталары мен кеніштерінің құрылысы	9,2	10,1	10,9	11,9
б) көмір (тақтатас) разрездерінің, байыту фабрикаларының құрылысы, жұмыс істеп тұрған тау-кен өндіру кәсіпорындарында жаңа деңгейжиектерді аршу және дайындау	8,0	8,8	9,7	10,6
1.6 Химия өнеркәсібі кәсіпорындары:				
а) мұнай өңдеу және мұнай-химия зауыттары	8,2	8,8	9,7	10,4
б) химия өнеркәсібінің өзге де объектілері	7,5	7,9	8,3	8,8
1.7 Шымтезек өнеркәсібі кәсіпорындары	8,7	9,4	11,1	12,2
1.8 Кеме жасау және кеме жөндеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	9,0	9,6	10,2	10,7
1.9 Ағаш дайындау және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары	8,6	8,8	9,5	9,8
1.10 Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі кәсіпорындары	7,9	8,4	9,1	9,8
1.11 Құрылыс материалдары өнеркәсібі және құрылыс индустриясы кәсіпорындары	6,8	7,3	7,9	8,6
1.12 Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары	6,6	7,0	7,5	8,0
1.13 Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары	7,2	7,4	8,0	8,5
1.14 Медициналық өнеркәсіп кәсіпорындары	6,7	7,0	7,5	8,0
1.15 Микробиологиялық өнеркәсіп кәсіпорындары	7,7	8,3	9,0	9,7

1 –кестенің жалғасы

Құрылыс түрлері	Температуралық аймақтар			
	I	II	III	IV
1.16 Өнеркәсіптің өзге де салаларының кәсіп орындары	7,0	7,5	8,5	9,0
Энергетикалық құрылыс				
1.17 210-800 МВт блоктары бар жылу – конденсациялық электр станциялары, қуаты 5000 МВт дейін	10,2	10,8	12,0	12,5
1.18 Атом электр станциялары	12,1	13,1	15,0	16,5
1.19 Өнеркәсіптік-жылыту ЖЭО	9,8	10,4	11,6	12,1
1.20 Дербес қазандықтар	7,6	7,9	9,0	9,7
1.21 35 кВ жоғары электр берудің әуе және кабельдік желілері	7,7	7,9	8,2	8,4
1.22 35 кВ жоғары трансформаторлық қосалқы станциялар	8,3	8,6	9,1	9,7
1.23 Су электр станциялары	8,6	9,3	10,5	11,3
1.24 Жарықтандыру, 0,4-35 кВ трансформаторлық қосалқы станцияларды қоса алғанда, электр берудің әуе және кабельдік желілері	6,9	7,2	7,8	8,4
Көлік құрылысы				
1.25 Ұзындығы 50 м-ден астам тоннелдер мен көпірлерсіз (жол өтпелері) жаңа темір жолдар	13,1	13,5	13,8	14,1
1.26 Ұзындығы 50 м-ден астам тоннелдер мен көпірлерсіз (жол өтпелері) темір жолдардың екінші басты жолдары	10,3	10,6	10,9	11,2
1.27 Темір жол учаскелерін электрлендіру	9,3	9,6	10,0	10,3
1.28 Пайдаланылатын темір жол желісіндегі құрылыстың басқа да түрлері	8,3	8,6	8,9	9,2
1.29 Ұзындығы 50 м-ден астам тоннелдер мен көпірлерсіз (жол өтпелері) 1-4 санаттағы автомобиль жолдары:				
а) жолдар құрылысы үшін уақытша жылжымалы асфальтбетон зауыттарын пайдалану кезінде	11,3	12,0	12,6	13,3
б) жұмыс істеп тұрған стационарлық кәсіпорындардан жолдардың жабыны үшін асфальтбетон мен цементбетон алу кезінде	9,1	9,7	10,4	11,1
1.30 Ұзындығы 50 м-ден асатын темір жол және автожол көпірлері мен аралық құрылысы бар жол өтпелері (оның ішінде уақытша технологиялық көпірлер салу):				
а) жер төсемін және реттеу құрылыстарын нығайту	13,5	13,7	13,7	13,8
б) темірбетон	14,7	15,9	16,6	18,3
в) металл	13,8	14,4	14,6	15,1

1-кестенің жалғасы

Құрылыс түрлері	Температуралық аймақтар			
	I	II	III	IV
1.31 Аралық құрылысы бар қалалық көпірлер және жол өтпелері:				
а) жер төсемін және реттеу құрылыстарын нығайту	10,5	10,7	10,7	10,7
б) темірбетон	11,6	12,8	13,5	15,1
в) металл	10,8	11,3	11,6	12,1
1.32 Қалалық электр көлігі (трамвай депосы, троллейбус депосы, трамвай және троллейбус желілері, тартымдық қосалқы станциялар, соңғы станциялар, жол қызметінің және энергия шаруашылығының шеберханалары)	7,2	7,6	9,2	9,8
1.33 Жүрдек трамвай желілері	8,6	9,0	10,6	11,2
1.34 Метрополитендер	10,4	10,6	11,1	11,5
1.35 Әуеайлақтар:				
а) әуеайлақтар алаңдары	9,4	9,9	11,5	11,7
б) қызметтік-техникалық аймақтың ғимараттары мен құрылыстары	7,4	7,7	8,1	8,5
1.36 Теңіз порттары және порт құрылыстары	9,4	9,9	10,6	11,3
1.37 Өзен көлігінің объектілері	9,8	10,3	10,8	11,3
1.38 Коллекторлық тоннельдер	9,6	9,8	11,1	11,9
1.39 Қалалардан тыс магистральдық құбырлар:				
а) сумен жабдықтау, кәріз	7,2	7,5	8,6	9,3
б) газ құбырлары және мұнай құбырлары – аландық құрылыстар (компрессорлық және сорғы станциялары, газ тарату станциялары)	11,5	11,7	12,5	12,9
в) газ құбырлары және мұнай құбырлары – желілік бөлік (электр химияландыруды және байланыстың техникалық желілерін қоса алғанда)	6,8	7,2	8,3	8,9
г) жылу желілері	6,5	6,9	8,0	8,6
Тұрғын үй-азаматтық құрылыс				
1.40 Тұрғын ғимараттар, оның ішінде жапсарлас үй-жайлары (дүкендер, кір жуатын орындар және т. б.) бар	5,4	5,6	5,9	6,3
1.41 Тұрғын үй ғимараттары, оның ішінде кіріктірілген үй-жайлары (дүкендер, кір жуатын орындар және т.б.), жобаларында сыртқы инженерлік желілер, кварталішілік жоспарлау және кірме жолдар, абаттандыру, көгалдандыру және т.б. ескерілген	5,6	5,9	6,5	7,0
1.42 Шағын аудандар, кварталдар, тұрғын және қоғамдық ғимараттар кешені (сыртқы желілер мен абаттандыруды қоса алғанда)	5,7	6,0	6,6	7,1

1-кестенің жалғасы

Құрылыс түрлері	Температуралық аймақтар			
	I	II	III	IV
1.43 Қалалар мен кенттерді абаттандыру (көшелерді, өтпе жолдарды, аяқ жолдарды, жасыл желектерді, жаяу жүргіншілерге арналған жерасты өткелдерінің құрылғысы бойынша жұмыстарды қоса алғанда)	6,0	6,7	8,2	9,2
1.44 Мектептер, балабақшалар, бөбекжай, дүкендер, әкімшілік ғимараттар, кинотеатрлар, театрлар, картина галереялары, оқу және емдеу ғимараттары мен құрылыстары, ғылыми-зерттеу, конструкторлық және жобалау институттары, санаторийлер, демалыс үйлері, турбазалар, пансионаттар, профилакторийлер, балалар және жасөспірімдер демалыс лагерлері, коммуналдық мақсаттағы объектілер (моншалар, кір жуатын орындар, крематорийлер және т. б.) және басқа да қоғамдық мақсаттағы ғимараттар	6,2	6,6	6,9	7,3
1.45 Қалаларды сумен жабдықтау және кәріз (құбырлар, сорғы станциялары, тазарту құрылыстары құрамындағы инженерлік құрылыстар кешені және т. б.)	7,1	7,5	8,3	8,8
1.46 Қала шегінде су құбырының, кәріздің, жылумен және газбен жабдықтаудың сыртқы желілері (желілік бөлік)	5,9	6,3	7,0	7,5
Ауыл шаруашылығы құрылысы				
1.47 Ауылдық жерлердегі тұрғын үй және азаматтық құрылысты қоса алғанда, ауыл шаруашылығы құрылысы (автомобиль жолдарының құрылысы мен электрлендіруден басқа)	7,7	8,1	8,7	9,4
Су шаруашылығы құрылысы				
1.48 Су шаруашылығы құрылысы және гидротехникалық құрылыстар, балық шаруашылықтарының, балық қорларын молайту жөніндегі балық өсіру зауыттарының және уылдырық шашу-өсіру шаруашылықтарының балық өсіру-мелиорациялық және тоған құрылыстары	9,5	10,3	11,7	12,5
1.49 Жағалауды бекіту және жағалауларды салу	8,6	8,9	9,2	9,7
Құрылыстың өзге де түрлері				
1.50 Астықты қабылдау, сақтау және қайта өңдеу жөніндегі ғимараттар мен құрылыстар және нан зауыттары	8,3	9,1	10,0	10,7
1.51 Байланыс желілері мен құрылыстары	8,3	8,7	9,2	9,6

1-кестенің жалғасы

Құрылыс түрлері	**Температуралық аймақтар**			
	I	**II**	**III**	**IV**
1.52 Қорғаныс және қауіпсіздік объектілері: а) жалпы әскери және арнайы мақсаттағы, шекаралық қорғаныс құрылыстары, пенитенциарлық жүйенің объектілері б) тұрғын үй, казарма, коммуналдық және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы	 7,5 6,6	 7,8 7,0	 8,5 7,2	 8,9 7,7
1.53 Дербес жоба бойынша салынатын тазарту қондырғылары, сумен жабдықтау және кәріз станциялары	7,7	8,3	9,2	9,8
1.54 Басқа ғимараттар мен құрылыстар	6,8	7,3	8,2	8,8
2 Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың немесе оған іргелес жатқан жаңа цехтардың, өндірістердің, шаруашылықтардың, коммуникациялардың аумағындағы екінші және кейінгі кезектерді қайта жаңарту, кеңейту, жаңғырту, салу, күрделі жөндеу				
Өнеркәсіптік құрылыс				
2.1 Қара металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары (тау-кен өндірушілерден басқа)	6,6	6,8	7,4	7,7
2.2 Түсті металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары (тау-кен өндірушілерден басқа)	6,1	6,5	7,0	7,5
2.3 Мұнай, газ және газ конденсатты кен орындарын (кәсіпшіліктерді) жайластыру объектілері	7,1	7,8	8,7	9,2
2.4 Машина жасау және электртехникалық өнеркәсіп кәсіпорындары	6,2	6,7	7,3	7,8
2.5 Тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары: а) жаңа көмір (тақтатас) шахталары мен кеніштерінің құрылысы б) көмір (тақтатас) разрездерінің, байыту фабрикаларының құрылысы, жұмыс істеп тұрған тау-кен өндіру кәсіпорындарында жаңа деңгейжиектерді аршу және дайындау	 7,9 6,9	 8,8 7,7	 9,6 8,6	 10,6 9,5
2.6 Химия өнеркәсібі кәсіпорындары: а) мұнай өңдеу және мұнай-химия зауыттары б) химия өнеркәсібінің өзге де объектілері	 7,1 6,5	 7,6 6,8	 8,5 7,3	 9,2 7,8
2.7 Шымтезек өнеркәсібі кәсіпорындары	7,4	8,2	9,8	10,9
2.8 Кеме жасау және кеме жөндеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	7,7	8,3	8,9	9,4
2.9 Ағаш дайындау және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары	7,4	7,6	8,2	8,5
2.10 Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі кәсіпорындары	6,8	7,3	8,0	8,6
2.11 Құрылыс материалдары өнеркәсібі және құрылыс индустриясы кәсіпорындары	5,9	6,3	7,0	7,7

1-кестенің жалғасы

Құрылыс түрлері	Температуралық аймақтар			
	I	II	III	IV
2.12 Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары	5,8	6,1	6,7	7,2
2.13 Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары	6,2	6,4	7,0	7,5
2.14 Медициналық өнеркәсіп кәсіпорындары	5,8	6,1	6,6	7,1
2.15 Микробиологиялық өнеркәсіп кәсіпорындары	6,6	7,2	7,9	8,6
2.16 Өнеркәсіптің өзге де салаларының кәсіп орындары	6,1	6,6	7,5	8,1
Энергетикалық құрылыс				
2.17 210-800 МВт блоктары бар жылу - конденсациялық электр станциялары, қуаты 5000 МВт дейін	8,5	9,1	10,3	10,8
2.18 Атом электр станциялары	10,1	11,1	12,9	14,4
2.19 Өнеркәсіптік-жылыту ЖЭО	8,2	8,8	10,0	10,5
2.20 Дербес қазандықтар	6,4	6,8	7,9	8,5
2.21 35 кВ жоғары электр берудің әуе және кабельдік желілері	6,5	6,7	7,0	7,2
2.22 35 кВ жоғары трансформаторлық қосалқы станциялар	7,0	7,3	7,8	8,4
2.23 Су электр станциялары	7,3	8,0	9,2	10,0
2.24 Жарықтандыру, 0,4-35 кВ трансформаторлық қосалқы станцияларды қоса алғанда, электр берудің әуе және кабельдік желілері	5,8	6,2	6,8	7,4
Көлік құрылысы				
2.25 Темір жол тораптарын, станцияларын дамыту, темір жолдарды қайта жаңарту (темір жол бағыттарының жекелеген учаскелерін күшейту) және пайдаланылатын желідегі құрылыстың басқа да түрлері	8,3	8,6	8,9	9,2
2.26 Аралық құрылысы бар қалалық көпірлер және жол өтпелері:				
а) жер төсемін және реттеу құрылыстарын нығайту	8,6	8,8	8,8	8,8
б) темірбетон	9,7	10,9	11,6	13,2
в) металл	8,9	9,4	9,7	10,2
2.27 Қалалық электр көлігі (трамвай депосы, троллейбус депосы, трамвай және троллейбус желілері, тартымдық қосалқы станциялар, соңғы станциялар, жол қызметінің және энергия шаруашылығының шеберханалары)	6,1	6,5	8,0	8,7
2.28 Жүрдек трамвай желілері	7,2	7,6	9,1	9,8
2.29 Метрополитендер	8,6	8,8	9,3	9,7
2.30 Әуеайлақтар:				
а) әуеайлақтар алаңдары	7,8	8,3	9,8	10,1

1-кестенің жалғасы

Құрылыс түрлері	**Температуралық аймақтар**			
	I	**II**	**III**	**IV**
б) қызметтік-техникалық аймақтың ғимараттары мен құрылыстары	6,2	6,5	6,9	7,3
2.31 Теңіз порттары және порт құрылыстары	7,8	8,3	9,0	9,7
2.32 Өзен көлігінің объектілері	8,1	8,6	9,1	9,6
2.33 Коллекторлық тоннельдер	8,0	8,2	9,4	10,3
2.34 Қалалардан тыс магистральдық құбырлар: а) газ құбырлары және мұнай құбырлары – аландық құрылыстар (компрессорлық және сорғы станциялары, газ тарату станциялары)	9,5	9,7	10,4	10,8
Тұрғын үй-азаматтық құрылыс				
2.35 Тұрғын ғимараттар, оның ішінде жапсарлас үй-жайлары (дүкендер, кір жуатын орындар және т. б.) бар	4,6	4,8	5,1	5,4
2.36. Тұрғын үй ғимараттары, оның ішінде кіріктірілген үй-жайлары (дүкендер, кір жуатын орындар және т.б.), жобаларында сыртқы инженерлік желілер, кварталішілік жоспарлау және кірме жолдар, абаттандыру, көгалдандыру және т.б. ескерілген	4,8	5,1	5,6	6,1
2.37 Шағын аудандар, кварталдар, тұрғын және қоғамдық ғимараттар кешені (сыртқы желілер мен абаттандыруды қоса алғанда)	4,9	5,2	5,7	6,2
2.38 Қалалар мен кенттерді абаттандыру (көшелерді, өтпе жолдарды, аяқ жолдарды, жасыл желектерді, жаяу жүргіншілерге арналған жерасты өткелдерінің құрылғысы бойынша жұмыстарды қоса алғанда)	5,1	5,7	7,2	8,2
2.39 Мектептер, балабақшалар, бөбекжай, дүкендер, әкімшілік ғимараттар, кинотеатрлар, театрлар, картина галереялары, оқу және емдеу ғимараттары мен құрылыстары, ғылыми-зерттеу, конструкторлық және жобалау институттары, санаторийлер, демалыс үйлері, турбазалар, пансионаттар, профилакторийлер, балалар және жасөспірімдер демалыс лагерлері, коммуналдық мақсаттағы объектілер (моншалар, кір жуатын орындар, крематорийлер және т. б.) және басқа да қоғамдық мақсаттағы ғимараттар	5,3	5,7	5,9	6,3
2.40 Қалаларды сумен жабдықтау және кәріз (құбырлар, сорғы станциялары, тазарту құрылыстары құрамындағы инженерлік құрылыстар кешені және т. б.)	6,0	6,4	7,2	7,7

1-кестенің жалғасы

Құрылыс түрлері	Температуралық аймақтар			
	I	II	III	IV
2.41 Қала шегінде су құбырының, кәріздің, жылумен және газбен жабдықтаудың сыртқы желілері (желілік бөлік)	5,0	5,3	6,0	6,5
Ауыл шаруашылығы құрылысы				
2.42 Ауылдық жерлердегі тұрғын үй және азаматтық құрылысты қоса алғанда, ауыл шаруашылығы құрылысы (автомобиль жолдарының құрылысы мен электрлендіруден басқа)	6,3	6,8	7,3	8,0
Су шаруашылығы құрылысы				
2.43 Су шаруашылығы құрылысы және гидротехникалық құрылыстар, балық шаруашылықтарының, балық қорларын молайту жөніндегі балық өсіру зауыттарының және уылдырық шашу-өсіру шаруашылықтарының балық өсіру-мелиорациялық және тоған құрылыстары	8,2	8,9	10,3	11,1
2.44 Жағалауды бекіту және жағалауларды салу	7,3	7,5	7,9	8,4
Құрылыстың өзге де түрлері				
2.45 Астықты қабылдау, сақтау және қайта өңдеу жөніндегі ғимараттар мен құрылыстар және нан зауыттары	7,5	8,3	9,2	9,9
2.46 Байланыс желілері мен құрылыстары	7,3	7,6	8,2	8,6
2.47 Қорғаныс және қауіпсіздік объектілері: а) жалпы әскери және арнайы мақсаттағы, шекаралық қорғаныс құрылыстары, пенитенциарлық жүйенің объектілері б) тұрғын үй, казарма, коммуналдық және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы	 6,6 5,9	 6,9 6,3	 7,6 6,5	 8,0 7,0
2.48 Дербес жоба бойынша салынатын тазарту қондырғылары, сумен жабдықтау және кәріз станциялары	6,8	7,3	8,2	8,8
2.49 Басқа ғимараттар мен құрылыстар	6,1	6,6	7,5	8,1
3 Бұл жұмыстар дербес жобалық-сметалық құжаттамада көзделген жағдайларда, қолданыстағы ғимараттар мен үй-жайларды бұзу				
3.1 Ғимараттар мен үй-жайлар	2,8	3,1	3,2	3,5
Ескертпелер 1 Ұзындығы 50 м-ден астам тоннелдерсіз және көпірлерсіз (жол өтпелері) 1-4 санаттағы автомобиль жолдарын қайта жаңарту, екінші және одан кейінгі кезектерін салу, күрделі жөндеу, ұзындығы 50 м-ден астам теміржол және автожол көпірлерін және жол өтпелерін, қалалардан тыс магистральдық құбырларды (сумен жабдықтау, кәріз, газ құбырлары мен мұнай құбырлары (желілік бөлік), жылу желілері) электрлендіру кезінде тиісінше 1.29, 1.30,				

1-кестенің соңы

Құрылыс түрлері	Температуралық аймақтар			
	I	II	III	IV
1.39а, 1.39в, 1.39г нормаларын қолдану қажет. 2 1.40 және 2.35-тармақтарда келтірілген тұрғын ғимараттардың құрылысына арналған сметалық нормалар жобаларында сыртқы инженерлік желілер, орамішілік жоспарлау және өту жолдары, абаттандыру, көгалдандыру және т. б. ескерілмейтін тұрғын үй ғимараттары үшін белгіленген. 3 1.43 және 2.38-тармақтарда келтірілген сметалық нормаларды бұл жұмыстар дербес жобалау-сметалық құжаттамада көзделген кезде ғана қолданған жөн. Қалған жағдайларда көрсетілген жұмыстар үшін құрылыстың тиісті түрлері бойынша нормалар қолданылады.				

4.6 10 м/с және одан жоғары жылдамдықпен желдің әсеріне ұшыраған жерлерде 1-кестенің сметалық нормалары бойынша есептелген қосымша шығындар сомасына суық кезеңдегі желді күндер саны кезінде мынадай коэффициенттер түрінде қосымша төлемдер жүзеге асырылады (тиісті кезеңдегі бірқатар деректер нәтижелері бойынша пайызбен):

10%-тен жоғары 30%-ға дейін - 1,05;

30%-дан жоғары - 1,08.

ҚР ҚЖ 2.04-01 «Құрылыс климатологиясы» құрылыс қағидаларында келтірілген деректер суық кезеңде жылдамдығы 10 м/с және одан жоғары желдің әсеріне байланысты қосымша шығындарды төлеу үшін негіз болып табылады. Құрылыс қағидаларында қажетті деректер болмаған жағдайда метеорологиялық қызметтің тиісті кезеңдегі бірқатар деректердің нәтижелері бойынша ресми анықтамалары негіз бола алады.

4.7 Өнеркәсіптік тораптарды салу құнының жиынтық сметалық есептерінде құрылысты жүзеге асыруға байланысты жалпы шығындар өнеркәсіптік торапта салынып жатқан әрбір кәсіпорын бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнына сүйене отырып, өнеркәсіп салалары бойынша белгіленген 1-кестенің тиісті нормалары бойынша айқындалады.

4.8 Өнеркәсіптік торап кәсіпорындары тобы үшін ортақ қосалқы өндірістер мен шаруашылықтар объектілерін, кірме автомобиль және темір жолдарды, энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, кәріз желілерін және басқаларды салу кезінде құрылысты жүзеге асыруға байланысты жалпы шығындар әрбір осындай объект үшін 1-кестенің тиісті нормалары бойынша айқындалады.

5 Құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдеріне байланысты қосымша шығындар

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдерімен негізделген шығындардың жекелеген түрлері сметалық есептерді жасау нәтижелері бойынша сметалық құжаттамада қосымша ескеріледі.

5.1.2 Құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдеріне байланысты қосымша шығындарға мыналар жатады:

а) қысқы кезеңде ғимараттарды уақытша жылытуға байланысты шығындар;

б) құрылыс объектілерінің құрылыс алаңын алғашқы қардан тазарту жөніндегі шығындар;

в) қар құрсауын жою жөніндегі шығындар;

г) уақытша кірме жолдарды салуға және ұстауға арналған қаражат;

д) уақытша инженерлік коммуникацияларды салуға және ұстауға арналған қаражат;

е) техниканы жұмылдыруға және демобилизациялауға арналған шығындар;

ж) құрылысқа және қажеттіліктер үшін пайдалануға арналған смета есебіне салынған тұрақты және салынып жатқан автомобиль жолдарын құрылыс аяқталғаннан кейін қалпына келтіре отырып, оларды ұстауға арналған шығындар;

з) құрылыс және монтаждау ұйымдарының жұмыскерлерін автомобиль көлігімен тасымалдау бойынша шығындар;

и) вахталық әдіспен жұмыстарды орындауға байланысты шығындар;

к) құрылыс, монтаждау және арнайы құрылыс жұмыстарын орындау үшін жұмысшыларды іссапарға жіберуге байланысты шығындар;

л) ғимараттар мен құрылыстардың өткізілуі мен деформациялануына геодезиялық бақылау жүргізуге арналған шығындар;

м) осы объект үшін ғана құрылыс және монтаждау жұмыстарының нақты түрлерін орындау кезеңіне қажетті уақытша құрылғыларды салуға арналған шығындар.

5.1.3 2.1.2-тармақтың а), в), г), д), е), ж), з), к), л) тармақшаларында көзделген құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдеріне байланысты шығындарды жабуға арналған қаражат құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар» деген 8-тарауына енгізіледі.

5.1.2-тармақтың б) тармақшасында көзделген құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдеріне байланысты шығындарды жабуға арналған қаражат құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылыс аумағын дайындау» деген 1-тарауына енгізіледі.

Осы объект үшін ғана құрылыс және монтаждау жұмыстарының нақты түрлерін орындау кезеңіне қажетті уақытша құрылғыларды салуға арналған шығындар (5.1.2-тармақтың м) тармақшасы) тиісті объектілік сметаларға енгізіледі.

5.1.4 Құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдеріне байланысты қосымша шығындардың тізбесін айқындау кезінде құрылысты ұтымды ұйымдастыруды негізге алған жөн. Қосымша шығындарды есептеу кезінде келесі деректер пайдаланылады:

дайындық кезеңінің жұмыстарын жүргізу, негізгі және қосалқы ғимараттар мен құрылыстарды, іске қосу кешендері мен тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерді салу кезектілігі мен мерзімдері көрсетілген құрылыстың күнтізбелік жоспары;

тұрақты және уақытша ғимараттар мен құрылыстар, тұрақты және уақытша темір жолдар мен автомобиль жолдары, инженерлік коммуникациялар, қоймалар, монтаж крандары мен механикаландырылған қондырғылар, сондай-ақ өндірістік база объектілері орналасқан құрылыстың бас жоспары;

жұмысшы кадрларға қажеттілік кестесі;

құрылысты ұйымдастыру жобасына түсіндірме жазба.

5.1.5 Құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдеріне байланысты қосымша шығындарға арналған сметалық есептерді жасау кезінде қолданыстағы сметалық-

нормативтік базаның сметалық нормалары мен бағаларын, ал олар болмаған кезде – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тарифтер мен нормаларды қолдану қажет.

5.2 Қысқы кезеңде ғимараттарды уақытша жылытуға байланысты шығындар

5.2.1 Қосымша шығындар нормалары техникалық шарттардың талаптарына сәйкес әрлеу және басқа да арнайы жұмыстарды жүргізу кезінде конструкциялардың немесе өңделетін беттердің жоғары ылғалдылығын жою үшін белгіленген жылыту кезеңінің шегінен тыс уақытша жылытудың сметалық құнын айқындауға арналған. Көрсетілген шығындарды құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ) құрамында орындалған есеп негізінде уақытша жылытудың қажетті мерзімін ескере отырып айқындаған жөн.

5.2.2 Сұлбасы аяқталған ғимараттарды уақытша жылытуға арналған ресурстар шығыстарының нормалары 2-кестеде келтірілген. Нормалар жұмыстарды жүргізудің техникалық шарттары мен қағидаларына сәйкес оң температурада орындалуы қажет құрылыс және монтаждау жұмыстарын ғимараттардың ішінде жүргізу үшін жылыту кезеңі ішінде жекелеген аяқталған ғимараттарды (немесе олардың бөліктерін) уақытша жылытуға арналған шығындарды айқындау үшін қолданылады.

2-кесте – Сұлбасы аяқталған ғимараттарды уақытша жылытуға арналған ресурстар шығысы мен шығындар нормалары, айына 1000 м³ ғимаратқа

Ресурстар мен шығындардың атауы, өлшем бірлігі	Температуралық аймақтар			
	I	II	III	IV
Тұрғын, қоғамдық, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар				
Жылу энергиясы, Гдж	25,5	26,7	30,6	34,3
Жұмысшылардың еңбек шығындары Шж, адам-сағ	2,54	2,54	3,18	3,18
Өзге де да шығыстар, жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу сомасының пайызы	19,76	19,76	19,62	19,62
Өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірістік ғимараттары				
Жылу энергиясы, Гдж	19,7	21,0	23,7	26,8
Электр энергиясы, кВт-сағ	440	470	530	580
Жұмысшылардың еңбек шығындары Шж, адам-сағ	0,71	0,76	1,07	1,22
Өзге де да шығыстар, жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу сомасының пайызы	18,28	20	21,43	18,75

Ескертпелер:

1 Нормаларда ойықтар арқылы салқындау салдарынан жылу шығындарының артуы және аяқталған ғимараттардың аяқталмаған конструкциялары, сондай-ақ құрылымдарды жылытуға және кептіруге арналған жылу энергиясының орташа шығындары ескеріледі.

2 Нормаларда энергия жүйелерінен, блок-станциялардан және жылу станцияларынан (қазандықтардан) жылу энергиясымен жабдықталған тұрақты жылу

2-кестенің соңы

Ресурстар мен шығындардың атауы, өлшем бірлігі	Температуралық аймақтар			
	I	II	III	IV

жүйелерін пайдалану ескерілген.

3 Уақытша жылытуға арналған шығындар ғимараттардың құрылыс көлемі туралы жобалық деректер және құрылысты ұйымдастыру жобасы бойынша қажетті (немесе жобалау ұйымының тиісті есептері бойынша) жылыту ұзақтығы негізге алына отырып айқындалады.

4 Орталықтандырылған энергия жүйелерінен немесе блок-станциялардан, жылу станцияларынан (қазандықтардан) жылу энергиясын алу кезіндегі оның құны қолданыстағы (белгіленген) тарифтер бойынша айқындалады. Құрылыс ұйымдарының (кәсіпорындардың) меншікті көздері шығаратын жылу тасымалдағышты пайдаланған кезде жылу бағасы белгіленген тәртіппен бекітілген калькуляциялар бойынша айқындалады.

5 Электр энергиясының құны қолданыстағы (белгіленген) тарифтер бойынша ағымдағы бағалармен айқындалады.

6 Жұмысшылардың еңбек шығындарының құны ағымдағы сметалық және нормативтік базаның ішкі инженерлік жүйелерін жайластыру бойынша жұмыстарға құрылыстағы еңбек шығындарының сметалық бағалары бойынша айқындалады.

7 Егер ғимараттарды кептіруді жеделдету үшін тұрақты жылыту жүйесімен бірге уақытша жергілікті қондырғылар (типі УСВ және т.б.) қолданылатын болса, онда оларды қолдануға байланысты шығындарды осы құрылыстың нақты жағдайларын және кептірудің қажетті ұзақтығын (15 тәулік шегінде) ескере отырып, нормаларға қосымша есептеумен айқындалады.

8 Нормаларда келтірілген жылу және электр энергиясы шығысының, сондай-ақ тұрақты жылу жүйелерін пайдалануға арналған шығындардың көрсеткіштері мынадай түзетулермен қабылданады:

а) құрылыс көлемі 10 мың м³ кем аз қабатты тұрғын үйлер, қоғамдық және әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар үшін жылу энергиясы шығысының нормалары 1,5 коэффициентімен;

б) құрылыс көлемі 80 мың м³ астам ірі қоғамдық ғимараттар (спорттық, ойын-сауық және т. б.) үшін жылу энергиясы шығысының нормалары - 0,3 коэффициентімен;

в) құрылыс көлемі 30 мың м³ кем өндірістік және қосалқы мақсаттағы шағын жылытылатын ғимараттар үшін жылу және электр энергиясы шығысының, сондай-ақ жылыту жүйелерін пайдалануға арналған шығындардың нормалары - 2 коэффициентімен;

г) өндірістік мақсаттағы көп аралықты ғимараттар үшін биіктігі 18 м-ден асатын және көлемі 800 мың м³ асатын фермаларды тартуға дейін жылу және электр энергиясы шығысының, сондай-ақ жылыту жүйелерін пайдалануға арналған шығындарлың нормалары - 0,5 коэффициентімен қолданылады.

5.3 Құрылыс объектілерінің құрылыс алаңын қардан тазалау бойынша шығындар

5.3.1 Қысқы кезеңде басталатын құрылыс объектілері бойынша құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдеріне сәйкес құрылыс объектілерінің құрылыс алаңын (жұмыс аймағын ұйымдастыруды ескере отырып), сондай-ақ магистральдардан құрылыс алаңдарына рельссіз кірме жолдарды салу қарамағындағы құрылыс алаңдарын қардан бастапқы тазарту жөніндегі шығындар қосымша ескеріледі.

5.3.2. Құрылыс объектілерінің құрылыс алаңын алғашқы қардан тазарту жөніндегі шығындарды жобалау деректері мен құрылыс салу ауданындағы қар жамылғысының орташа қалыңдығы туралы үш-бес жыл ішіндегі есептік деректер негізінде қолданыстағы сметалық-нормативтік базаның сметалық нормативтерін қолдана отырып есептеледі.

5.4 Қар құрсауын жою бойынша шығындар

5.4.1 Табиғи апаттардан (бұрқасын, боран, қатты боран) пайда болған қар құрсауын жою бойынша шығындарды құрылыс IV температуралық аймақ шегінде орналасқан жерлерде болғанда ескеріледі.

5.4.2 Қар құрсауын жоюға арналған шығындар лимиті осы аудандардағы басқа да құрылыстар бойынша есептік деректер негізінде айқындалады. Көрсетілген деректер болмаған кезде шығындар лимиті 1-7-тараулардың және жалпы құрылыс бойынша құрылыс алаңында құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыру және басқаруға байланысты жалпы алаңдық шығындардың, құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің қорытындысы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметалық құнының 0,3%-ы мөлшерінде көзделеді.

5.5 Уақытша кірме жолдарды салуға және ұстауға арналған шығындар

5.5.1 Құрылысты ұйымдастыру жобасында тиісті негіздеме болған кезде қосымша мыналар ескеріледі:

а) уақытша кірме жолдарды (оның ішінде топырақ таситын) құрылыс алаңынан тыс түйісу пунктінен бастап құрылысішілік жолдар желісіне немесе уақытша айналма (құрылыс айналасында) жолға дейін салуға және ұстауға арналған қаражат;

б) құрылыс ауданын бастапқы игеру мақсатында жалпы желінің магистральдық желілік құрылыстарын салу кезінде трасса бойындағы уақытша жолдың (трасса бойындағы жолдың) құрылғысына арналған қаражат;

в) құрылыс материалдарын жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында желілік құрылыстарды салу кезінде қажетті уақытша кірме жолдардың (автомобиль, темір жол және т.б.) құрылысына арналған қаражат, егер жасанды құрылыстарды: көпірлерді, тоннель жолөтпелерін және т. б. салу трассада жұмыстар басталғанға дейін жүзеге асырылады.

5.6 Уақытша инженерлік коммуникацияларды салуға және ұстауға арналған шығындар

5.6.1 Құрылысты ұйымдастыру жобасы энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, кәріз желілеріне қажеттілік құрылыс алаңының аумағында (құрылыс аумағында) өтетін қолданыстағы желілер мен жолдарға қосылу арқылы қамтамасыз етілетін құрылыс жағдайлары үшін әзірленуі тиіс. Жекелеген жағдайларда құрылысты

ұйымдастыру жобасымен тиісті негіздеме болған кезде объектіні алу көзінен құрылыс алаңындағы тарату құрылғыларына дейін электр энергиясымен, сумен, жылумен және т.б. қамтамасыз ету үшін құрылысқа және уақытша коммуникацияларды ұстауға арналған қаражатты қосымша ескеруге рұқсат етіледі.

5.7 Техниканы жұмылдыруға және демобилизациялауға арналған шығындар

5.7.1 Құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдаланудың машина-сағаты құнында олардың елді мекен мен құрылыс шегінде қайта ауыстырылуы ескерілмеген жағдайда, құрылысты ұйымдастыру жобасымен құрылыс жағдайлары үшін құрылыс техникасын жұмылдыру және демобилизациялау жөніндегі мәселелерді шешу қажет.

5.7.2 Техниканы жұмылдыруға және демобилизациялауға арналған шығындар жергілікті мердігер ұйымдардың қуаттарын ұтымды пайдалану шарттарына сүйене отырып, ал олар жеткіліксіз болған жағдайда құрылыс орнына жақын орналасқан өңірлерден анықталады.

5.7.3 Құрылыс техникасын қайта ауыстыру мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

өз жүрісімен,

сүйреткіште,

бөлшектеусіз тіркемеде,

бөлшектеумен және кейіннен монтаждаумен тіркемеде.

5.7.4 Белгіленген жағдайларда құрылыс техникасын қайта ауыстыруға арналған шығындарды айқындау кезінде ілесіп жүру машинасына арналған шығындар ескеріледі.

5.7.5 Машинаны тіркемеде (жартылай тіркемеде, ауыр жүк тасушы тіркемеде және тағы сол сияқты) қайта ауыстыру жағдайында, оны қайта бөлшектеу және кейіннен автомобиль жүрісіндегі крандарды немесе автомобиль үлгісіндегі арнайы шассидегі крандарды қолдана отырып, көлік құралына тиеу (және одан әрі түсіру) арқылы монтаждау кезінде қайта ауыстыру шығындарында машинаны, оның ішінде көлік құралын қайта тиеу-түсіру шығындарын, сондай-ақ кранды пайдалану шығындарын қосымша ескеріледі.

5.7.6 Қайта ауыстыру тәсілін таңдау, көлік құралдарының құрамы (осы тәсілмен орнын ауыстыруды қамтамасыз ететін тартқыштардың, тіркемелердің, алып жүру машиналарының саны мен маркасы, сондай-ақ монтаждау, бөлшектеу, тиеу және түсіру кезінде пайдаланылатын кранның түрі мен типі) орны ауыстырылатын машинаның түріне және техникалық сипаттамаларына байланысты болады және орнын ауыстырудың нақты шарттары бойынша қабылданады.

5.8 Қолданыстағы тұрақты автомобиль жолдарын және осы жолдардағы құрылысқа арналған смета есебінен салынған және құрылыс қажеттіліктері үшін пайдаланылатын құрылыстарды құрылыс аяқталғаннан кейін қалпына келтіре отырып, оларды ұстауға арналған шығындар

5.8.1 Қолданыстағы тұрақты автомобиль жолдарын және осы жолдардағы құрылысқа арналған смета есебінен салынған және құрылыс қажеттіліктері үшін пайдаланылатын құрылыстарды құрылыс аяқталғаннан кейін қалпына келтіре отырып, оларды ұстауға арналған шығындарды қосу қажеттілігі Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес құрылысты ұйымдастыру жобасында негізделеді. Автомобиль жолдарын салу учаскесінің шекаралары құрылыстың бас жоспарымен айқындалады.

5.8.2 Жаңа және қайта жаңартылатын автомобиль жолдарын салу кезеңінде уақытша пайдаланылатын автомобиль жолдарын ұстауға арналған шығындарды айқындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қозғалысқа қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстар көлемінің ведомосы жасалады. Жұмыс көлемдерінің ведомосы уақытша пайдаланылатын автомобиль жолдарының тиісті учаскелеріне жобалық деректер және (немесе) ақаулық актілері бойынша жасалады. Жұмыс көлемдерінің тізімдемесі бойынша жергілікті смета (жергілікті сметалық есеп) жасалады.

5.8.3 Құрылыс аяқталғаннан кейін оларды қалпына келтіре отыра құрылыс сметасы есебінен салынған және құрылыс қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тұрақты автомобиль жолдары мен осы жолдардағы құрылыстарды ұстауға арналған шығындар автомобиль жолдарын салу жұмыстарына арналған сметалық нормалар бойынша құрылыстың нормативті ұзақтығын ескере отырып, жолдардың санаттары мен ұзындығына байланысты құрылысты ұйымдастыру жобасының деректеріне сәйкес жергілікті сметамен (жергілікті сметалық есептермен) айқындалады.

5.9 Құрылыс және монтаждау ұйымдарының жұмыскерлерін автомобиль көлігімен тасымалдау бойынша шығындар

5.9.1 Егер қоғамдық көлік оларды тасымалдауды қамтамасыз етпесе немесе қалалық жолаушылар көлігінің арнайы бағыттарын пайдалана отырып тасымалдауды ұйымдастыру мүмкіндігі болмаса, құрылыс және монтаждау ұйымдарының жұмыскерлерін жұмыс орнына автомобиль көлігімен және кері қарай тасымалдау бойынша шығындарды қосымша ескеру қажет.

5.9.2 Жұмыстарды жүргізудің вахталық әдісімен құрылыс кезінде құрылыс және монтаждау ұйымдарының жұмыскерлерін жұмыс орнына және кері қарай автомобиль көлігімен тасымалдау шығындары есептелмейді.

5.9.3 Құрылыс жұмыскерлерін тасымалдау бойынша шығындарды өтеуге арналған қаражат мөлшері құрылысты ұйымдастыру жобасының деректері, тасымалдау қашықтығы, тасымалдауға жататын жұмыскерлер саны және құрылыстың нормативтік ұзақтығы негізінде айқындалады. Есептеумен айқындалған шығындар сомасы құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылысты жүзеге асыруға байланысты шығындар» деген 8-тарауына енгізіледі.

5.10 Вахталық әдіспен жұмыстарды орындауға байланысты шығындар

5.10.1 Вахталық жұмыс әдісі

5.10.1.1 Вахталық әдіс жұмыскерлердің тұрақты тұратын жеріне күнделікті қайтып келуі қамтамасыз етілмейтін кезде олардың тұрақты тұратын жерінен тыс еңбек процесін жүзеге асырудың ерекше нысаны болып табылады.

5.10.1.2 Жиналу пункті болып вахталық персоналды жұмыс жүргізу орнына немесе вахталық кент орналасқан жерге жіберу үшін жинау орны саналады.

5.10.1.3 Вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлер жұмыстарды жүргізу объектісінде болған кезеңде тіршілік қызметін қамтамасыз ету, жиналу пунктінен жұмыс

орнына дейін және кері жеткізу үшін ұйымдастырылған тамақпен, сондай-ақ жұмыстарды орындау және ауысымаралық демалыс үшін жағдайлармен қамтамасыз етіледі.

Жұмыскердің жұмыстарды жүргізу объектісінде және тұру үшін арнайы жабдықталған орындарда (вахталық кенттерде) болу шарттары еңбек, ұжымдық шарттарға және (немесе) жұмыс беруші бекітетін вахталық жұмыс әдісі туралы ережеге сәйкес қамтамасыз етіледі.

5.10.1.4 Объектіде жұмыстарды орындау уақыты мен ауысымаралық демалыс уақытын қамтитын кезең вахта болып саналады. Вахтаның ұзақтығы күнтізбелік он бес күннен аспауға тиіс. Қажет болған кезде вахтаның ұзақтығы ұжымдық, еңбек шарттарына сәйкес күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

5.10.1.5 Жұмыстың вахталық әдісі кезінде тоқсандағы немесе өзге де неғұрлым ұзақ, бірақ күнтізбелік бір жылдан аспайтын кезеңдегі немесе белгілі бір жұмысты орындау кезеңіндегі жұмыс уақытының жиынтық есебі белгіленеді.

5.10.1.6 Есептік кезең шегіндегі жұмыс уақыты мен тынығу уақыты вахтадағы жұмыс кестесімен (вахталар кестесімен) бекітіледі. Есептік кезең жұмыс уақытын, тынығу уақытын, жұмыс беруші орналасқан жерден немесе жиналу пунктінен жұмыс орнына дейін және кері қайту жолының уақытын, сондай-ақ осы күнтізбелік уақыт кезеңіне келетін өзге де кезеңдерді қамтиды. Бұл ретте есептік кезеңдегі жұмыс уақытының жалпы ұзақтығы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген нормадан аспауға тиіс.

Жұмыс беруші орналасқан жерден немесе жиналу пунктінен жұмыс орнына дейін және одан кері қайту жолында болған уақыт жұмыс уақытына қосылмайды. Жұмыс ауысымының ұзақтығы сегіз сағаттан астам болған кезде тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс кемінде бір сағат болып белгіленеді.

5.10.1.7 Вахталық жұмыс әдісі кезінде жұмыскерлердің жұмыс берушінің орналасқан жерінен немесе жинау пунктінен жұмыс орнына дейін және кері қайту жолында болған уақыты үшін өтемақы төлемі жүргізіледі.

5.10.1.8 Вахталық әдіспен жұмысты ұйымдастыру объектідегі технологиялық процестердің ырғақтылығын, үздіксіздігін, кешенділігін, еңбекті қорғау, машиналарды пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қағидалардың сақталуын, материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.10.2 Вахталық әдісті қолданудың мақсаты объектілерді қолданысқа енгізуді жеделдетуге бағытталған құрылысты ұйымдастыруды жетілдіру негізінде күрделі салымдардың тиімділігін арттыру есебінен объект құрылысының мерзімдерін төмендету болып табылады.

5.10.3 Вахталық әдіс жұмыскерлердің тұрақты тұратын жерінен (жұмыс беруші орналасқан жерден) немесе жиналу пунктінен адам тұрмайтын, шалғайдағы аудандарда немесе табиғи жағдайлары ерекше аудандарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кез келген өңірінде, егер осы әдісті қолдануды негіздеу барысында құрылыстың, қайта жаңартудың және күрделі жөндеудің барлық түрлерінде жұмыс жүргізу орны едәуір алыс болған кезде қолданылады жұмыстың орындылығы анықталады. Құрылыс объектілерінде (жаңаларын салу, жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңарту, күрделі жөндеу кезінде)

вахталық әдісті қолданудың орындылығын мынадай факторлар айқындайды (бір мезгілде кемінде екі фактор болған кезде):

1) жұмыс жүргізілетін жерлерде еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілмеуі;

2) құрылыс мерзімдерін қысқарту мақсатында жұмыстардың жоғары қарқынын ұстап тұру қажеттілігі;

3) құрылыстың бір атауындағы желілік объектілердің бытыраңқылығы мен ұзындығы;

4) көлік коммуникацияларының күрделілігі және тұрақсыздығы;

5) құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің маусымдық сипаты;

6) тіршілік қызметінің экстремалды жағдайлары және олардың адамға ықпалы (қолайсыз, шалғай аудандарда және айрықша табиғи жағдайлары бар аудандарда жұмыс жүргізу).

Ескертпе – Экстремалды жағдайлар деп адам бейімделмеген, адамның денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін, тамақ, сусын, баспана, медициналық көмектің жетіспеушілігі, сыртқы әлемнен оқшаулану, зиянды факторлардың (ыстық, суық, жел, шаң, тар жағдайлар, биіктік, температура мен қысымның төмендеуі және басқа да осыған ұқсас жағдайлар) жағдайларды есептеуге болады.

Қазақстан Республикасының кез келген өңірінде вахталық әдісті қолданудың мақсаттылығы аталған факторлардың бірінің болуымен негізделеді.

5.10.4 Вахталық әдісті қолданудың міндетті шарты уақытша қоныстың – вахталық кенттің болуы немесе ұйымдастырылуы немесе салынып жатқан объектіге жақын орналасқан елді мекенде жұмыскерлердің отбасы мүшелерінсіз уақытша тұруына және олардың күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыруға есептелген әлеуметтік инфрақұрылым элементтері бар объектінің құрылысы кезінде құрылыс ұйымы жалға алатын тұрғын үй қорының болуы болып табылады.

5.10.5 Вахталық жұмыс әдісі тапсырыс берушінің шешімі, сондай-ақ құрылысты ұйымдастыру жобасының деректері негізінде қолданылады. Вахталық әдісті қолдану туралы шешімді тапсырыс беруші жобалау ұйымының ұсынысы негізінде инвестициялық процестің жобалау алдындағы немесе жобалау сатыларында қабылдайды.

5.10.6 Вахталық жұмыс әдісін қолдануға байланысты шығындар жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде айқындалады.

5.10.7 Вахталық жұмыс әдісін қолданудың орындылығы жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде құрылысты ұйымдастыру жобаларында айқындалады. Бас мердігер ұйым анықталмаған жағдайда, вахталық жұмыс әдісін қолдану негіздемесі шартты мердігерде орындалады.

5.10.7.1 Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде вахталық жұмыс әдісін қолдану негіздемесін жобалау ұйымы тапсырыс беруші мен бас мердігер ұйым (бар болса) ұсынатын деректердің негізінде орындайды.

5.10.7.2 Тапсырыс беруші вахталық жұмысшылардың құрамын (саны, біліктілік құрамы және мамандығы бойынша құрылыс орналасқан өңірдің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының жергілікті жұмысшылармне (мамандармен) құрылыс еңбек ресурстарына қажеттілікті қамтамасыз ету мүмкіндігі (қандай мөлшерде) немесе мүмкін еместігі туралы деректерін ескере отырып келіседі.

5.10.8 Вахталық әдісті енгізудің экономикалық тиімділігі балама нұсқалармен салыстыру арқылы анықталады.

Вахталық әдісті енгізудің экономикалық әсерін анықтау үшін аналогтар ретінде мыналар қарастырылады:

1) салынып жатқан объект жанында жұмыскерлердің тұруы үшін уақытша кент құра отырып, құрылысты ұйымдастыру нұсқасы;

2) тұрақты тұрғылықты жерінен салынып жатқан объектіге және кері қарай жұмыскерлерді күн сайын тасымалдай отырып, құрылысты ұйымдастыру нұсқасы.

Экономикалық әсердің негізгі факторлары:

1) құрылыс ұйымы шығыстарының шартты-тұрақты бөлігін үнемдеуді және тапсырыс берушінің объектіні мерзімінен бұрын пайдалануға беру кезеңінде қосымша пайда алуын қамтамасыз ететін объект құрылысының ұзақтығын қысқарту;

2) құрылыс аймағында әлеуметтік инфрақұрылым құруға және ұстауға және жұмыскерлерді тұрғылықты жерінен салынып жатқан объектіге және кері қарай тасымалдауға жұмсалатын шығындарды қысқарту болып табылады.

5.10.9 Вахталық әдісті қолданудың әлеуметтік әсері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес шашыраңқы құрылыстың ерекше жағдайларында және тіршілік қызметінің қысылтаяң жағдайларында жұмыскерлердің қалыпты еңбек, демалыс және тұрмыс жағдайларын қамтамасыз етуден тұрады.

5.10.10 Жұмыстарды жүргізудің вахталық әдісін пайдалану кезінде құрылыстың ұзақтығы мына формула (1) бойынша айқындалады:

$$Т_{вә} = \frac{Т_н}{К_{арт} \times (1 - К_{оеө})} \quad (1)$$

мұндағы $Т_{вә}$ – вахталық әдіспен құрылыстың ұзақтығы, ай;

$Т_н$ – құрылыстың нормативтік ұзақтығы, ай;

$К_{арт}$ – осы нормативтік құжатқа В қосымшаға сәйкес қабылданатын, аптасына жұмыс уақытының белгіленген және қалыпты ұзақтығының арақатынасын негізге ала отырып айқындалатын жұмыс ауысымының ұзақтығына байланысты артық істелген жұмыс уақытының коэффициенті;

$К_{оеө}$ – құрылысты ұйымдастырудың вахталық әдісі кезінде ауысым ұзақтығының ұлғаюына байланысты вахталық жұмыскерлердің орташа сағаттық еңбек өнімділігін төмендетудің орташаланған коэффициенті. Осы нормативтік құжатқа Г қосымшасына сәйкес қабылданады.

5.10.11 Мердігер ұйым анықталған кезде вахталық әдіспен жұмыстар жүргізуге арналған шығындарды есептеу кезінде құрылыс мерзімін мердігерлік шарт негізінде немесе вахталық әдісті қолдану шарттарын қарау сатысында тапсырыс беруші мен мердігер ұйым арасындағы құрылыстың келісілген мерзімі негізінде қабылдауға рұқсат етіледі.

5.10.12 Құрылыс шығыстарын оңтайландыру мақсатында құрылысты материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру техникалық-экономикалық негіздемелер құрамында айқындалады.

5.10.13 Вахталық әдіспен жұмыстарды жүргізуге дайындық құрылысты ұйымдастыру жобасын (бұдан әрі – ҚҰЖ) әзірлеу сатысында басталады.

ҚҰЖ-ға мыналар кіреді:

1) негізгі жұмысшылар мен механизаторлар, инженерлік-техникалық қызметкерлер (бұдан әрі – ИТҚ) және қызметшілер, кіші қызмет көрсету персоналы (бұдан әрі – КҚКП) және күзет бойынша бөле отырып, вахталар бойынша құрылыстың барлық мерзімі ішінде ауысымдық вахталық персоналдың санын, жұмыс күнінің, жұмыс аптасының ұзақтығын, ауысымаралық демалыс уақытын, вахтада, бір вахта ішінде демалыс күндерінің болуы және кезектілігі, вахталар арасындағы демалыс уақыты көрсететін ауысымдылық кестесі;

2) вахталық персонал үшін қажетті мөлшердегі тұрғын, мәдени-тұрмыстық және өзге де ғимараттар мен құрылыстардың қажеттілік ведомосы. Бұл ретте ғимараттың немесе құрылыстың атауын, мақсатын және түрін, алаңын, құрылыс көлемін және қажет болған жағдайда ғимараттар мен құрылыстардың өзге де сипаттамаларын (мысалы, инженерлік желілер үшін – қума метрдегі ұзындығын) көрсетіледі;

3) вахталық кенттің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ вахталық персоналды вахталық кенттен құрылыс алаңына дейін және кері жеткізу үшін қажетті көліктің номенклатурасы мен саны.

5.10.14 Вахталық персонал

5.10.14.1 Вахтадағы жұмыс және демалыс режимдері вахталық әдісті қолдану кезінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес айқындалады. Жұмыскерлердің қажетті саны құрылыс-монтаждау жұмыстарының жалпы көлеміне, құрылыс өндірісінің пайдаланылатын технологияларына, машиналар мен механизмдерге, құрылыс мерзімі мен жұмыс режиміне (ауысым мен ауысымдық вахтаның ұзақтығы) сүйене отырып айқындалады. Бұдан әрі еңбек пен демалыстың белгіленген режимдері бойынша ауысымдылық кестесі әзірленеді, ауысымдық вахталық персоналдың саны және вахталық әдіспен құрылыста жұмыс істейтін жұмыскерлердің вахталық ағындарының саны айқындалады.

5.10.14.2 Ауысымдық вахталық персоналдың саны келесі штаттан тыс жұмыскерлерге келетін, олардың санына 5% қоса отырып, объект құрылысында жұмыс істейтін жұмысшылардың, инженерлік-техникалық қызметкерлер мен қызметшілердің, кіші қызмет көрсету персоналы мен күзеттің қажетті санының сомасы ретінде айқындалады:

уақытша;

іссапарға жіберілген;

құрылыс-монтаждау жұмыстарын немесе құрылысты ұйымдастыру және оған қызмет көрсету үшін қажетті өзге де жұмыстарды жүргізуге байланысты жұмыстарды орындау үшін шақырылған практиканттар мен басқа да мамандар.

5.10.15 Вахталық кент

5.10.15.1 Вахталық кенттің жобасы ҚҰЖ құрамында әзірленеді, оған кенттің бас жоспары, кірме жолдардың схемалары, вахталық кентті салуға және ұстауға арналған шығындар сметасы, құрылыстың күнтізбелік кестесі, материалдарды, конструкциялар мен жабдықтарды жеткізудің көліктік схемалары, сондай-ақ:

ғимараттар мен құрылыстар;

электрмен, сумен, жылумен;

байланыс желілері;

кәріз желілері;

ішкі жолдардың жобалары кіреді.

5.10.15.2 Объект құрылысының әрбір уақытша кезеңіне (өлшем бірлігі үшін 1 вахта қабылданады) жұмыс күшіне қажеттілікті бөле отырып, уақытша кент құрылысының күнтізбелік кестесін шығындар бойынша неғұрлым оңтайлы қалыптастыру мақсатында құрылыстың барлық мерзіміне ауысымдылық кестесін вахталық кент ғимараттары мен құрылыстарын салудың (қолданысқа енгізудің) күнтізбелік кестесімен байланыстыру қажет.

5.10.15.3 Вахталық кенттер тиісті санитариялық нормалар мен өрт қауіпсіздігі талаптары сақталған жағдайда, қолданыстағы нормаларға сәйкес салынып жатқан объектіден қашықтықта орналастырылады. Егер вахталық кент бірнеше объектілерді салумен айналысатын жұмыскерлердің тұруына арналған болса, ол жұмыскерлерді жұмыс жүргізу орнына жеткізудің 15-20 минуттық ұзақтығынан аспайтын есеппен орналастырылады.

5.10.15.4 Вахталық кенттерді үй-жайлармен жинақтау және оларды абаттандыру жергілікті жағдайларға, жұмыс жүргізу мерзімдеріне және тұратындар санына қарай жүзеге асырылады. Вахталық кенттің құрамына тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық және коммуналдық мақсаттағы объектілер енгізіледі.

Вахталық персонал үшін қажетті тұрғын, мәдени-тұрмыстық және өзге де ғимараттар мен құрылыстардың саны объект құрылысының бүкіл мерзімі ішінде кентте бір мезгілде тұратын ауысымдық вахталық персоналдың ең жоғары ықтимал санымен негізделеді. Көрсетілген сан ауысымдылық кестесі негізінде анықталады.

5.10.15.5 Вахталық үй-жайларды жиһазбен және басқа да мүкәммалмен жабдықтау Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

5.10.15.6 Амортизацияны есептеу сомасын, үй-жайларды жөндеуге арналған шығыстарды, жарықтандыруға, жылытуға, сумен жабдықтауға, электрмен жабдықтауға, сондай-ақ тамақ дайындауға арналған отынды қоса алғанда, қызмет көрсететін жұмыскерлерге қызмет көрсететін қоғамдық тамақтандыру объектілерінің үй-жайларын ұстауға байланысты шығындар мердігер ұйымның құрылыс жұмыскерлеріне қызмет көрсетуге арналған шығыстарының сметалық нормаларында ескерілген.

5.10.15.7 Вахталық жұмыскерлерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға арналған шығындар мердігер ұйымның құрылыс жұмыскерлеріне қызмет көрсетуге арналған шығыстарының сметалық нормаларында ескерілген.

5.10.15.8 Вахталық кенттің пайдалануға беруге дайындығы және оны пайдалануға беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

5.10.16 Ауысымдылық кестесі, ауысымдық вахталық персоналдың саны туралы деректер негізінде жұмыскерлердің тұруы үшін қажетті вахталық кенттің ғимараттары мен құрылыстарының саны белгіленеді және мыналаарға арналған шығындар айқындалады:

кенттің құрылысы;

ауысымдық вахталық персоналды вахтаға және вахтадан тасымалдау;

вахталық жұмыскерлердің жиналу пунктінен вахталық кентке дейін және кері қайту жолында болған уақыты үшін өтемақы төлемі;

вахталық кентті электрмен жабдықтауға, жылумен жабдықтауға, газбен жабдықтауға, сумен жабдықтауға және су бұруға арналған шығындар;

вахталық кенттерді салу үшін пайдаланылатын уақытша бөлу учаскелерінде құрылыс аумағын дайындауға және жерді рекультивациялауға арналған шығындар.

5.10.16.1 Вахталық кенттерді салу (уақытша пайдаланылатын мүкәммалдық тұрғын және қоғамдық ғимараттар мен инженерлік құрылыстарды монтаждау және одан әрі бөліктеу (бөлшектеу) құны, олардың астындағы негіздер мен іргетастардың құрылғысы, инженерлік желілерді енгізу, кентті абаттандыру) және (немесе) күрделі құрылыс объектілері үшін вахталық персоналды орналастыру үшін қолданыстағы ғимараттар мен үй-жайларды жалға алу және бейімдеу бойынша шығындар жұмыстарды жүргізу кезеңінде вахталық жұмыскерлер тұратын орындарды жайластыруға арналған шығыстар титулдық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды салуға арналған нормалармен ескерілген), құрылысты басқаруға және құрылыс алаңында жұмыстарды ұйымдастыруға арналған шығындардың сметалық нормаларымен ескерілмеген елді мекендерден тыс ұзындығы 50 метрден астам көпір құрылыстарын қоспағанда), сметалық бағалардың тиісті деңгейінде сметалық нормативтерді қолдана отырып жергілікті сметаларды (жергілікті сметалық есептерді) жасау арқылы қосымша айқындалады және жиынтық сметалық есептің (4,7-бағандар) II бөлігінің «Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар» деген 8-тарауында ескеріледі.

Уақытша қоныстандыру (вахталық кент) үшін ұтқыр (мүкәммалдық) ғимараттар мен құрылыстардың (жылжымалы, контейнерлік, құрастырмалы-жиналмалы), сондай-ақ мердігер ұйымның қаражаты есебінен сатып алынған жабдықтың, жарақтандырудың құны олардың түсуіне және бухгалтерлік есепке қойылуына қарай мердігер ұйымның негізгі қорларына енгізіледі. Олардың құны амортизациялық аударымдар арқылы құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнына ауыстырылады.

Тапсырыс берушінің негізгі қорларында есептелетін ғимараттар мен құрылыстардың құны құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнына тапсырыс беруші объектіні салу кезеңінде уақытша қоныстандыру (вахталық кент) үшін ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға мердігерге (жеке шарт бойынша) ұсынатын жалдау ақысы арқылы көшіріледі.

Қажетті жарақтандыруды (жабдықты, жиһазды және шаруашылық мүкәммалды) ескере отырып, ұтқыр (мүкәммалдық) ғимараттар мен құрылыстардың амортизациясы (жалға алуы), вахталық кентті пайдалану мерзіміне оларды ағымдағы жөндеуге, ұтқыр (мүкәммалдық) ғимараттар мен құрылыстарды жиналу пунктінен вахталық кентке дейін және кері өткізуге арналған шығындар) құрылысты басқаруға және жұмыстарды ұйымдастыру арналған шығындардың сметалық нормаларында ескерілген.

5.10.16.2 Вахталық жұмыскерлерді жиналу орнынан салынып жатқан объект жанындағы (вахталық кентте немесе осы мақсаттар үшін құрылыс ұйымы арнайы жалға алған тұрғын үйде) тұру орнына жеткізу құрылыс ұйымының меншікті (немесе жалға алынған) көлігімен де, теміржол көлігі, азаматтық авиация, автомобиль көлігі ұйымдарының көлік құралдарымен де жүзеге асырылады.

Көлік түрі өңірде қалыптасқан көлік коммуникацияларын, сондай-ақ вахталық жұмыскерлердің жиналу пунктінен вахталық кентке дейінгі жолда болу құны мен уақыты бойынша ең аз шығындарды ескере отырып таңдалады.

Вахтаға жұмыскерлерді жиналу пунктінен салынып жатқан объект жанындағы тұрғылықты жеріне дейін (вахталық кентте немесе осы мақсаттар үшін құрылыс ұйымы арнайы жалға алған тұрғын үйде) жеткізу бойынша көлік түрінің экономикалық орындылығы және кері қарай инвестициялық процестің жобалау алдындағы сатысында белгіленеді.

5.10.16.3 Вахталық жұмыскерлерді тасымалдау шығындары жұмыскерлерді тасымалдаудың таңдалған тәсілдеріне байланысты мыналардың негізінде айқындалады:

көлік шығындарының калькуляциялары (мердігер ұйымның меншікті көлігін пайдалану кезінде);

әрбір вахталық жұмыскердің жол жүру құнын растайтын жол жүру құжаттары;

көлік қызметтеріне ағымдағы бағалар туралы ақпарат;

вахталық персоналды жинау және түсіру пункттерінде қонақ үйлерде тұру құнын растайтын құжаттар.

Вахталық жұмыскерлерді тасымалдауға арналған шығындар құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар» деген 8-тарауында (6 және 7-бағандар) ескеріледі.

5.10.16.4 Вахталық жұмыскерлерді белгіленген қоғамдық маршруттар бойынша автомобиль көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру мүмкіндігі болмаған кезде оларды автомобиль көлігімен тасымалдауға арналған шығындар Жол жүрісі қағидаларының 10-бөліміне сәйкес жолаушыларды тасымалдау кезінде көлік құралдары қозғалысының рұқсат етілген ең жоғары жылдамдығын ескере отырып, ҚҰЖ-ға сәйкес есеппен айқындалады.

5.10.16.5 Вахталық жұмыскерлердің жиналу пунктінен вахталық кентке дейін жолда болу және кері қайту уақыты үшін өтемақы төлеміне арналған шығындар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ұжымдық шарттар және (немесе) жұмыс берушінің актілері негізінде айқындалады. Мердігер ұйым анықталмаған жағдайда, вахталық жұмыскерлердің жиналу пунктінен вахталық кентке дейін жолда болған және кері қайтқан уақыты үшін өтемақы төлемі жолда болған әрбір күн үшін орташа күндік сметалық еңбекақының 75%-ы мөлшерінде есептеледі. Орташа күндік жалақы жұмыс күнінің сегіз сағаттық ұзақтығына байланысты анықталады.

Вахталық жұмыскерлердің жиналу пунктінен вахталық кентке дейін жолда болған уақыты үшін өтемақы төлеміне және кері қайтуға арналған шығындарды есептеу кезінде жұмыс берушілердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес), сондай-ақ әлеуметтік салыққа (Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес) аударымдарына арналған қаражат ескеріледі.

Вахталық жұмыскерлердің жиналу пунктінен вахталық кентке дейін жолда болған және кері қайтқан уақыты үшін өтемақы төлеміне арналған шығындар құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар» деген 8-тарауында (6 және 7-бағандар) ескеріледі.

5.10.16.6 Вахталық кентті электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру шығындарын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тарифтерді қолдана отырып, құрылысты ұйымдастыру жобасының деректері негізінде мына (2) формула бойынша орындалады:

$$Ш_к = \sum_{e=1}^{m} \sum_{i=1}^{n} \left(N_i \times П_i \times С_в \times Т_{це} \right) \quad (2)$$

мұндағы $Ш_к$ – электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру шығындары, теңге;

N_i – бір адамға (тұрғын үй ғимараттары алаңының шаршы метрі/адам, көлемнің текше метрі/адам және сол сияқты) ресурстардың (қызметтердің) *i* түрінің қажеттілігі;

$П_i$ – ресурс (қызмет) бірлігінің құны, теңге/бірл.;

$С_в$ – вахталық жұмыскерлердің саны, адам;

$Т_{це}$ – әрбір*e*-вахта үшін вахталық циклдің ұзақтығы, күн;

n – ресурстар (қызметтер) түрлерінің саны;

m – ауысым кезеңдерінің саны.

Вахталық кентті жылжымалы (уақытша) жабдықтау көздерінен ресурстардың жекелеген түрлерімен қамтамасыз етуге арналған шығындар ресурстар бірлігінің қажеттілігі мен құнын ескере отырып, құрылысты ұйымдастыру жобасының деректері негізінде есеппен айқындалады.

Вахталық кентті электрмен жабдықтауға, жылумен жабдықтауға, газбен жабдықтауға, сумен жабдықтауға және су бұруға арналған шығындар құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар» деген 8-тарауында (6 және 7-бағандар) ескеріледі.

5.10.16.7 Уақытша қоныстандыру (вахталық кент) үшін ұтқыр (мүкәммалдық) ғимараттар мен құрылыстарды (жылжымалы, контейнерлік, құрастырмалы-жиналмалы) жалға алу кезінде, егер жалдау ақысы коммуналдық көрсетілетін қызметтердің (электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру) құнын қамтитын болса, онда құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар» деген 8-тарауында вахталық кентті электрмен жабдықтауға, жылумен жабдықтауға, газбен жабдықтауға, сумен жабдықтауға және су бұруға арналған шығындар қосымша ескерілмейді.

5.10.16.8 Вахталық кенттердің құрылысы үшін пайдаланылатын уақытша бұру учаскелерінде құрылыс аумағын дайындауға және жерді рекультивациялауға арналған шығындарды айқындау үшін жер жұмыстарына арналған сметалық нормативтерге сәйкес жергілікті сметалар жасалады. Қаражат құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылыс аумағын дайындау» деген 1-тарауында (4 және 7-бағандар) ескеріледі.

5.11 Құрылыс, монтаждау және арнайы құрылыс жұмыстарын орындау үшін жұмысшыларды іссапарға жіберуге байланысты шығындар

5.11.1 Құрылыс объектісіне жұмысшылардың іссапарына байланысты шығындар құрылыс объектісі құрылыс ұйымы тұрақты орналасқан аймақтан тыс жерде болған кезде құрылыстың сметалық құнына енгізіледі.

Вахталық әдіспен құрылыс кезінде жұмысшылардың іссапарына байланысты шығыстар есептелмейді.

5.11.2 Іссапарларға жіберілетін жұмыскерлерге:

іссапарда болған күнтізбелік күндер үшін тәуліктік төлемдер;

межелі жерге бару және кері қайту жолы бойынша шығыстар;

тұрғын үй жалдау бойынша шығыстар төленеді.

5.11.3 Жұмыскерлерді іссапарға жіберу шарттары мен мерзімдері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес айқындалады.

5.11.4 Құрылыс-монтаждау ұйымдарының жұмыскерлерін іссапарға жіберуге байланысты шығындар іссапарға жіберілген жұмыскерлердің болжамды санына және олардың құрылысты ұйымдастыру жобасында айқындалған құрылыста болу мерзіміне қарай жасалатын есеппен айқындалады. Мердігер ұйымның әкімшілік персоналының іссапары ескерілмейді.

Құрылысты ұйымдастыру жобасында сметалық құжаттамада келтірілген нормативтік еңбек сыйымдылығынан пайыздық қатынаста іссапарға жіберілген жұмыскерлер орындайтын жұмыстардың жоспарланатын еңбекті қажетсінуі айқындалады. Бұл ретте іссапарларға жіберу қажет жұмыскерлердің ұтымды саны ескеріледі.

5.11.5 Іссапарда болған әрбір күн үшін шығыстар (тәулікақы), іссапар орнына бару және кері қайту бойынша шығыстар, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларына сәйкес айқындалады.

Құрылыс, монтаждау және арнайы құрылыс жұмыстарын орындау үшін жұмысшыларды іссапарға жіберуге байланысты шығындар құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар» деген 8-тарауында (6 және 7-бағандар) ескеріледі.

5.12 Ғимараттар мен құрылыстардың өткізілуі мен деформациялануына геодезиялық бақылау жүргізуге арналған шығындар

5.12.1 Гимараттар мен құрылыстардың орын өткізілуі мен деформациялануына геодезиялық бақылау жүргізуге байланысты шығындарды анықтау қажеттілігі инженерлік ізденістер материалдарының негізінде құрылысты ұйымдастыру жобасымен тиісті негіздеме болған кезде айқындалады. Құрылысты ұйымдастыру жобасының құрамында «Ғимараттар мен құрылыстардың өткізулі мен өзгеруін бақылауды ұйымдастыру жобасы» әзірленеді.

5.12.2 Ғимараттар мен құрылыстардың өткізілуі мен деформациялануын бақылауды ұйымдастыру жобасын әзірлеуге арналған шығындар жобалау-іздестіру жұмыстарының құнына қосымша қосылады. Құрылыс құнының жиынтық сметалық есебіне ғимараттар мен құрылыстардың өткізілуі мен деформациялануын геодезиялық бақылаулардың құрылыстағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарға байланысты шығындар да енгізіледі.

5.12.3 Құрылыс процесінде мердігер ұйым орындайтын ғимараттар мен құрылыстардың өткізілуі мен деформациялануын геодезиялық бақылауға арналған шығындар құрылыс үшін іздестіру жұмыстарына арналған сметалық нормалар бойынша айқындалады және құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің «Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар» деген 8-тарауына енгізіледі.

5.13 Осы объект үшін ғана құрылыс және монтаждау жұмыстарының нақты түрлерін орындау кезеңіне қажетті уақытша құрылғыларды салуға арналған шығындар

5.13.1 Тек осы объект үшін құрылыс және монтаждау жұмыстарының нақты түрлерін орындау кезеңіне қажетті уақытша құрылғыларға мыналар жатады:

жағалауды бекіту жұмыстарын жүргізуге арналған айлақтар;

шеңберлер, аралық тіректер, мұнаралы, төрттағанды және порталды-жебелі крандардың астындағы рельс жолдары және олардың негіздері, бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізу кезінде ғимараттар мен құрылыстарды зақымданудан қорғауға арналған конструкциялар;

қадаларды қағу кезінде қада қағу жабдығының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін негіздер;

үлкен блоктармен болат конструкцияларды монтаждауға арналған конвейер желілері.

5.13.2 Тек осы объект үшін құрылыс және монтаждау жұмыстарының нақты түрлерін орындау кезеңінде уақытша құрылғыларды салу қажеттілігі құрылысты ұйымдастыру жобасымен айқындалады.

5.13.3 Тек осы объект үшін құрылыс және монтаждау жұмыстарының нақты түрлерін орындау кезеңіне қажетті уақытша құрылғыларды салуға арналған шығындар тиісті сметалық баға деңгейінде сметалық нормативтерді қолдана отырып, жергілікті сметаларды (жергілікті сметалық есептерді) жасау жолымен айқындалады. Құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлігінің тиісті тарауларының объектілік сметаларында (объектілік сметалық есептерде) ескеріледі.

А қосымшасы

(ақпараттық)

Сметалық нормаларда ескерілген, жалпы құрылыс бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыру және басқарумен байланысты мердігер ұйымның жалпы шығындарының тізбесі

1 Әкімшілік-шаруашылық шығыстар:

а) әкімшілік-шаруашылық персоналдың жалақысына арналған шығыстар:

1) басқарма аппаратының жұмыскерлері (басшылар, мамандар және қызметшілерге жататын басқа да жұмыскерлер);

2) желілік персонал: аға жұмыс жүргізушілер (учаске бастықтары), жұмыс жүргізушілер, құрылыс учаскелерінің шеберлері, учаскелік механиктер;

3) басқару аппаратына шаруашылық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жұмыскерлер (аула сыпырушылар, еден жуушылар, киім ілушілер, курьерлер);

б) заңнамада белгіленген тәртіппен әкімшілік-шаруашылық персонал жұмыскерлерінің жалақысына арналған шығыстардан әлеуметтік мұқтаждарға аударымдар;

в) байланыс қызметтеріне, атап айтқанда халықаралық және қалааралық телефон сөйлесулеріне, ұялы байланысты пайдалана отырып сөйлесулерге арналған шығыстар, телефон станцияларын, басқару үшін пайдаланылатын және ұйымның балансында есепте тұрған диспетчерлік, радио және байланыстың басқа да түрлерінің қондырғыларын ұстауға және пайдалануға арналған шығыстар, көрсетілген байланыс құралдарын жалға алуға немесе тиісті қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстар, факсимильдік және спутниктік байланыс, электрондық пошта, сондай-ақ ақпараттық жүйелер қызметтеріне арналған шығыстар;

г) ұйымның балансында тұрған кеңсе және көбейту техникасын ұстауға және пайдалануға арналған шығыстар, құрылыс ұйымының балансында жоқ кәсіпорындармен шарттар бойынша орындалатын тиісті жұмыстарға ақы төлеуге арналған шығыстар;

д) әкімшілік-шаруашылық персоналы орналасқан және пайдаланатын ғимараттарды, құрылыстар мен үй-жайларды ұстауға және пайдалануға арналған шығыстар, сондай-ақ жерге ақы төлеуге байланысты шығыстар;

е) кеңсе керек-жарақтарын, есепке алу, есептілік бланкілерін және оларды өндіру және басқару мақсаттары үшін қажетті басқа да құжаттарды, мерзімді басылымдарды сатып алуға, техникалық әдебиетті сатып алуға арналған шығыстар;

ж) әкімшілік-шаруашылық персонал пайдаланатын негізгі қорларды жөндеудің барлық түрлерін жүргізуге арналған шығыстар;

з) ұйымның орналасқан пункті шегінде әкімшілік персонал жұмыскерлерінің қызметтік жүріп-тұруына байланысты шығыстар;

и) құрылыс ұйымының балансында есепте тұрған және осы ұйымның басқару аппаратының жұмыскерлеріне қызмет көрсететін қызметтік жеңіл автокөлікті пайдалануға арналған шығыстар, оның ішінде:

1) жеңіл автокөлікке қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысы;

2) жанар-жағармай материалдарының, автокөлікке техникалық қызмет көрсетудің құны;

3) гараждарды пайдалануға, гараждар және автомобиль тұрақтары үшін жалдау ақысына арналған шығыстар, амортизациялық аударымдар және автомобильдер мен гараж ғимараттарын жөндеудің барлық түрлеріне арналған шығыстар;

к) қызметтік жеңіл автомобильдерді жалдауға арналған шығыстар;

л) өндірістік қызметі жүйелі қызметтік сапарлар, осы мақсаттар үшін жеке жеңіл көлікті пайдалану жөніндегі шығыстар қажеттілігімен байланысты құрылыс ұйымының әкімшілік-шаруашылық персоналының жұмыскерлеріне өтемақы төлеуге арналған шығындар;

м) заңнамада белгіленген нормаларды негізге ала отырып, қызметтік жеңіл автокөлікке қызмет көрсететін жұмыскерлерді қоса алғанда, әкімшілік-шаруашылық персоналдың өндірістік қызметіне байланысты қызметтік іссапарларға арналған шығыстар;

н) негізгі қорлар, тез тозатын мүкәммалдың және басқару аппаратына қызмет көрсетуге арналған басқа да бағалы емес заттардың тозуы мен жөнделуі бойынша амортизациялық аударымдар (жалдау ақысы);

о) ұйымның қызметіне байланысты өкілдік шығыстар және ұйым кеңесінің (басқармасының) және ұйымның тексеру комиссиясының отырыстарын өткізу бойынша шығыстар;

п) консультациялық, ақпараттық және аудиторлық қызметтерге ақы төлеу;

р) банк қызметтеріне ақы төлеу;

с) құрылыс ұйымының штат кестесінде қандай да бір функционалдық қызметтер көзделмеген жағдайларда өндірісті басқару жөніндегі бөгде ұйымдар жүзеге асыратын қызметтерге ақы төлеу.

2 Құрылыс алаңдарында жұмыстарды ұйымдастыруға арналған шығыстарға мыналар жатады:

а) уақытша емес ғимараттар мен құрылыстарды, керек-жарақтар мен құрылғыларды салу, құрастыру, бөлшектеу, амортизациялау, ағымдағы жөндеу және өткізу бойынша шығыстар. Тұрғын емес уақытша ғимараттар мен құрылыстарға мыналар жатады:

1) объект маңындағы кеңселер және прорабтар мен шеберлердің қоймалары;

2) құрылыс объектісі жанындағы қойма үй-жайлары мен қалқалар;

3) душ бөлмелері, текшелік, кәрізденбеген дәретханалар және жұмысшылардың жылынуына арналған үй-жайлар;

4) төсеніштер, сатылар, баспалдақтар, өтпелі көпірлер, жүріс тақтайлары, ғимаратты бөлу кезіндегі ескі-құсқы заттар;

5) құрылыстар, керек-жарақтар және қауіпсіздік техникасы бойынша құрылғылар;

6) құрылыс жұмыстарына арналған сметалық нормаларда немесе жабдықты монтаждауға арналған сметалық нормативтерде көзделмеген құрылыс сатылары мен төсенімдер, бесіктер, мұнаралар, мүкәммал алаңдары, төсенімдер және т. б. сияқты мүкәммалдық, біріздендірілген тас төсеу құралдары, жұмыстарды жүргізуге қажетті дуалдар мен қоршаулар (арнайы және сәулеттік безендірілгендерден басқа), сақтандырғыш күнқағарлар, бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізу кезіндегі қалқалар;

7) жоғарыда көрсетілген уақытша (тұрғын емес) ғимараттар мен құрылыстарды салудың орнына салынып жатқан және құрылыс алаңдарында бар ғимараттарды бейімдеуге байланысты шығыстар;

8) жұмыс аймағы шегінде электр энергиясының, судың, будың, газдың және ауаның магистральдық және таратушы желілерінен уақытша тармақтар (ғимараттар периметрінен немесе желілік құрылыстар осьтерінен 25 м дейінгі шектегі аумақтар);

б) өрт және қарауыл күзетін ұстау:

1) ұйымдарға белгіленген тәртіппен ведомстволық күзетке ие болу құқығы берілген жағдайларда, әскерилендірілген, күзет және кәсіби өрт күзетін қоса алғанда, ведомстволық күзет жұмыскерлерінің жалақысына арналған шығыстар;

2) ведомстволық күзетті ұстауға арналған кеңсе, пошта-телеграф және басқа да шығыстар;

3) ішкі істер органдары ұсынатын ведомстводан тыс күзетке, ішкі істер органдары жүзеге асыратын өрт күзетіне, сондай-ақ басқа ұйымдар қызметтер көрсету тәртібімен ұсынатын күзетке ақы төлеуге арналған шығыстар;

4) өртке қарсы мүкәммалды, жабдықты және арнайы киімді ұстауға және олардың тозуына арналған шығыстар;

5) амортизациялық аударымдар, еден жуушылар мен осы үй-жайларға қызмет көрсететін басқа да жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеуді қоса алғанда, бейнебақылау жүйелерін, қарауылдық үй-жайларды және өрт сөндіру деполарын (гараждарды) жөндеудің барлық түрлерін жүргізуге (жөндеу қорына немесе жөндеуге арналған резервке аударымдар) арналған шығыстар;

в) құрылыста ұйымдастыру мен жүргізудің прогрессивті әдістерін енгізу, еңбекті нормалау, құрылыс-монтаждау жұмыстарын бақылау (оның ішінде жасырын жұмыстарды қоса алғанда, құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге арналған фото-және бейнетіркеу жүйелері) бойынша шығыстар;

г) өнертапқыштыққа және оңтайландыруға байланысты шығыстар:

1) тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуге, өнертабыстар мен оңтайландырушылық ұсыныстар бойынша модельдер мен үлгілерді дайындауға және сынауға арналған шығыстар;

2) көрмелер мен байқауларды, конкурстарды және өнертапқыштық пен оңтайландыру жөніндегі басқа да іс-шараларды ұйымдастыру бойынга шығыстар;

3) өнертабыстар мен оңтайландырушылық ұсыныстардың авторларына сыйақы төлеу;

д) мердігерлік жұмыстарды жүргізу кезінде жүзеге асырылатын геодезиялық жұмыстар бойынша шығыстар. Осы бап бойынша мыналар ескеріледі:

1) геодезиялық жұмыстармен айналысатын жұмыскерлердің жалақысына арналған шығыстар;

2) материалдардың құны;

3) амортизациялық аударымдар, тозу, жөндеудің барлық түрлеріне (жөндеу қорына немесе жөндеуге арналған резервке аударымдар) және геодезиялық жабдықтың, құрал-саймандар мен аспаптардың өткізілуіне арналған шығыстар;

4) геодезиялық негіздегі жобалау-іздестіру ұйымдарынан қабылдауды қоса алғанда, геодезиялық жұмыстар бойынша көліктік және басқа да шығыстар;

е) жұмыстарды жүргізуді жобалау бойынша шығыстар. Бұл бап бойынша жобалау-сметалық топтар мен жұмыстарды жүргізуді жобалау топтары жұмыскерлерінің жалақысына және құрылыс ұйымдары жанындағы үлгілік уақытша ғимараттар мен құрылыстарды байланыстыруға арналған шығыстар, осы топтарды ұстау жөніндегі шығыстар, сондай-ақ жобалау ұйымдары мен ұйымдардың жұмыстарды жүргізу жобаларын жасау жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу ескеріледі;

ж) өндірістік зертханаларды ұстауға арналған шығыстар. Осы бап бойынша келесі шығындар ескеріледі:

1) өндірістік зертханалар жұмыскерлерінің жалақысына арналған шығыстар;

2) амортизация, зертханалардың үй-жайларын, жабдықтары мен мүкәммалын жөндеудің барлық түрлерін жүргізуге арналған шығыстар;

3) жалпы ғимараттарды сынау бойынша шығыстардан басқа, материалдарды, конструкцияларды және құрылыстардың бөліктерін сынау кезінде жұмыстар жүргізуге арналған шығыстар;

4) сынау кезінде жұмсалған немесе бұзылған материалдардың, конструкциялардың және құрылыстардың бөліктерінің құны;

5) зертханаларға басқа ұйымдар көрсететін қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстар;

6) өндірістік зертханаларды ұстауға байланысты өзге де шығыстар;

з) әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімдерінің қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар;

и) құрылыс алаңдарын абаттандыру және ұстау жөніндегі шығыстар:

1) еңбекке ақы төлеу және құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу және сақтау жөніндегі қалалық полигондарға, сондай-ақ құрылыс алаңын кеміргіштерден санитариялық-эпидемиологиялық өңдеуге байланысты шығыстарды қоса алғанда, жол учаскелері мен тротуарларды, жолдарды, көпірлерді қоса алғанда, құрылыс аумағын және оған іргелес көше белдеуін жинау және тазалау (қоқыс шығара отырып) және құрылыс алаңдарының аумағын абаттандыруға және күтіп-ұстауға байланысты басқа да жұмыстар мен шығындар бойынша басқа да шығыстар;

2) электр энергиясы (оның ішінде уақытша электр станцияларынан), электр шамдары, кезекші электр монтерлерінің жалақысы және құрылыс аумағын жарықтандыруға байланысты басқа да шығыстар;

к) құрылыс объектілерін тапсыруға дайындау бойынша шығыстар. Бұл бапқа мыналар жатады:

1) кезекші слесарь-сантехниктер мен электр монтерлерінің, сондай-ақ қоқыс жинау, едендер мен терезелерді жуу жөніндегі жұмысшылардың жалақысына арналған шығыстар;

2) объектілерді тапсыру кезінде жинауға жұмсалатын жуу құралдары мен басқа да материалдарды сатып алуға арналған шығыстар;

3) объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін құрылыс қоқыстарын алаңнан шығару және оны құрылыс қоқыстарын қайта өңдеу және сақтау жөніндегі қалалық полигондарға тапсыру бойынша шығыстар;

4) объектілерді тапсыру кезеңінде жылытуға арналған шығыстар;

л) құрылыс шегінде желілік құрылыс ұйымдары мен олардың құрылымдық бөлімшелерін қайта ауыстыру бойынша шығыстар (машина-ауысым құнында ескерілген құрылыс машиналары мен механизмдерін өткізу бойынша шығыстарды, сондай-ақ құрылыс ұйымдары мен олардың құрылымдық бөлімшелерін басқа құрылыстарға қайта ауыстыру бойынша шығыстарды қоспағанда);

м) титулдық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды салуға арналған шығыстар:

1) жаңадан салынған тұрақты ғимараттар мен құрылыстарды құрылыс жұмыскерлеріне қызмет көрсету үшін уақытша бейімдеу, оларды пайдалану аяқталғаннан кейін қалпына келтіру және жөндеу;

2) жайластыруларды кейіннен жоя отырып, қолданыстағы үй-жайларды жалға алуға және бейімдеуге арналған шығыстар;

3) құрылыстың өндірістік қажеттіліктері үшін жаңадан салынған және қолданыстағы тұрақты ғимараттар мен құрылыстарды уақытша бейімдеуге, оларды пайдалану аяқталғаннан кейін қалпына келтіруге және жөндеуге арналған шығыстар;

4) өндірістік, қойма, қосалқы, тұрғын үй және қоғамдық контейнерлік және құрастырмалы-жиналмалы ұтқыр (мүкәммал) ғимараттар мен құрылыстардың конструкциялары мен бөлшектерін құрылыс алаңына өткізуге, негіздер мен іргетастарды орнатуға, қажетті әрлеумен монтаждауға, жабдықтарды монтаждауға, инженерлік желілерді енгізуге, уақытша кенттерді (оның ішінде вахталық) құруға және абаттандыруға, алаңды бөліктеуге және бөлшектеуге, қалпына келтіру, конструкциялар мен бөлшектерді қоймаға өткізуге арналған шығыстар;

5) амортизациялық аударымдар (немесе жалдау ақысы), контейнерлік құрастырмалы-жиналмалы типті ұтқыр (мүкәммалдық) ғимараттарды (санитариялық-тұрмыстық қызмет көрсетуге арналғандарды қоспағанда) ағымдағы жөндеуге арналған шығыстар;

6) құрылыс алаңындағы жабық (жылытылатын және жылытылмайтын) және осы құрылыс үшін түсетін материалдарды, конструкциялар мен жабдықтарды сақтау үшін ашық уақытша материалдық-техникалық қоймалар;

7) материалдар, бұйымдар, конструкциялар мен жабдықтар үшін, сондай-ақ тиеу-түсіру жұмыстары үшін уақытша жайластыру (алаңдар, платформалар және т. б.);

8) көп функциялы мақсаттағы уақытша өндірістік шеберханалар (жөндеу-механикалық, арматуралық, ағаш ұсталық және т. б.);

9) іске қосу-баптау жұмыстарын қоса алғанда, уақытша пайдаланылатын электр станциялары, трансформаторлық қосалқы станциялар, қазандықтар, сорғы, компрессор, су құбыры, кәріз, калорифер, желдеткіш және т. б. ғимараттар (құрылыстар);

10) әрлеу жұмыстарына арналған уақытша станциялар;

11) жер үсті көздерін тазалауға және зарарсыздандыруға арналған уақытша қондырғылар;

12) уақытша тас ұсақтау сұрыптау қондырғылары, бетон ұңғылау тораптары және құрылыс аумағында немесе желілік құрылыстағы жылжымалы қондырғылармен бетон және ерітінді дайындауға арналған қондырғылар;

13) органикалық және бейорганикалық тұтқырлармен өңделген топырақты дайындауға арналған уақытша қондырғылар, битум қоймалары бар бетон және асфальтбетон қоспаларын дайындауға арналған уақытша цементбетон және асфальтбетон зауыттары және т. б.;

14) булау камералары бар темірбетон және бетон бұйымдары мен қосымша элементтерді дайындауға арналған полигондар;

15) жабдықты ірілендіріп және алдын ала құрастыруға арналған алаңдар, стендтер;

16) теміржол тораптарын құрастыруға арналған буын құрастыру базалары;

17) жолдардан басқа, уақытша карьерлердегі ғимараттар мен жайластыру;

18) құрылыс учаскелерінің, поездардың, құрылыс басқармаларының және трест-алаңдардың уақытша кеңселері;

19) құрылыс алаңдарында құрылыс материалдары мен бұйымдарын сынауға арналған уақытша зертханалар;

20) уақытша гараждар;

21) құрылыс аумағында, тұрғын кентте, өрт сөндіру депосында өртке қарсы іс-шаралармен және күзетпен байланысты уақытша құрылыстар;

22) олар үшін осы шығындар машина-сағаттың құнында ескерілмеген машиналар мен механизмдердің астындағы негіздер мен іргетастардың (жүк көтергіш крандар үшін қадалар қағу және кран асты жолдарын төсеу кезінде қада қағу жабдығының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге арналған негіздер құрылғысынан басқа);

23) қалалардағы арнайы және сәулеттік безендірілген дуалдар мен қоршаулар;

24) құрылыс алаңы бойынша өтетін уақытша темір жол, автомобиль және жер тасымалы жолдары мен өтпе жолдарды, оның ішінде трасса бойындағы жол мен салынып жатқан желілік құрылыстар арасындағы жасанды құрылыстармен, эстакадалармен және өтпе жолдармен жалғау учаскелерін орнату және ұстау. Жолдар мен өтпе жолдарды бөлшектеу;

25) материалдар мен бөлшектерді өткізуге арналған уақытша аспалы жолдар мен кабель-крандардың құрылғысы, сондай-ақ оларды бөлшектеу;

26) құрылыс алаңы арқылы өтетін байланыс желілері мен электр энергиясымен, сумен, жылумен және т.б. қамтамасыз етуге арналған уақытша коммуникациялардың құрылғысы және бөлшектеу.

3 Құрылыс алаңының температуралық аймағының климаттық жағдайында құрылыс-монтаждау (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын жүргізуге байланысты қосымша шығындар. Осы Жинақтың сметалық нормаларында ескерілген қосымша шығыстарға сыртқы ауаның теріс температурасында құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуден туындаған қосымша жұмыстарды орындауға арналған шығындар жатады, атап айтқанда:

а) қатып қалған топырақты қопсыту;

б) топырақты қатып қалудан қорғау;

в) топырақты еріту;

г) тез қататын бетондар мен ерітінділерді қолдану;

д) бетондар мен химиялық қоспалар ерітінділеріне енгізу;

е) бетонды қыздырудың электр және (немесе) басқа әдістерін қолдану;

ж) бұйымдарды, құбырлардың ұштарын және кабельді қыздыру;

з) металл конструкциялар мен құбырлардың монтаждық түйіспелерін дәнекерлеу кезінде металды алдын ала қыздыру;

и) белгіленген жылыту кезеңі шегінде аяқталған сұлбасы ғимараттарды уақытша жылыту;

к) қарапайым жылы жайлардың құрылғысы және бөлшектеу;

л) жұмыс орындарын қар құрсауынан қорғау және т. б.;

м) теріс температураларда жұмыстарды орындау кезінде материалдардың шығындарынан туындайтын қосымша шығындар.

Ескерту - Құрылыстың температуралық аймағының климаттық жағдайларында құрылыс-монтаждау (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын жүргізу кезінде еңбек өнімділігінің төмендеуінен туындаған қосымша шығындар осы Жинақтың сметалық нормаларында ескерілмеген.

4 Мердігердің өзге де шығындары:

а) негізгі өндірісте, құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануда және күрделі емес жұмыстарда жұмыс істейтін жұмыскерлердің жекелеген санаттарын міндетті сақтандыруға және заңмен рұқсат етілген басқа да сақтандыру жағдайларына төлемдер;

б) материалдық емес активтердің амортизациясы;

в) банктік несиелер бойынша төлемдер (негізгі құралдарды, материалдық емес және басқа да айналымнан тыс активтерді сатып алуға байланысты несиелерді қоспағанда);

г) жарнамамен байланысты шығындар;

д) аяқталған құрылыс объектілеріне кепілдік жөндеуге және кепілді қызмет көрсетуге арналған резервті қалыптастыруға арналған шығыстар;

е) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілетін және құрылыстың сметалық құнының басқа құрамдас бөліктерінде ескерілмеген салықтар, алымдар, төлемдер және басқа да міндетті шегерімдер.

Б қосымшасы

(міндетті)

Б.1 кестесі – Қазақстан Республикасы өңірлерінің температуралық аймақтары

Температуралық аймақ	Өңір
I	Жамбыл облысы
	Маңғыстау облысы
	Түркістан облысы
	Шымкент қаласы
II	Алматы қаласы
	Алматы облысы
	Атырау облысы
	Жетісу облысы
	Қызылорда облысы
III	Ақтөбе облысы
	Батыс Қазақстан облысы
IV	Астана қаласы
	Абай облысы
	Ақмола облысы
	Шығыс Қазақстан облысы
	Қарағанды облысы
	Қостанай облысы
	Павлодар облысы
	Солтүстік Қазақстан облысы
	Ұлытау облысы
Ескертпе – өңір бойынша әрбір нақты құрылыс үшін температуралық аймақ ҚР ҚЕ 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы» құрылыс ережелеріне сәйкес жұмыстарды жүргізу кезінде сыртқы ауаның нақты температурасына және климаттық аймаққа қарамастан, осы кестеде келтірілген аумақтық бөлініске сәйкес айқындалады.	

В қосымшасы

(міндетті)

В.1 кестесі - Жұмыс ауысымының ұзақтығына байланысты артық істелген жұмыс уақытының коэффициенттері

Жұмыс ауысымының ұзақтығы ($Т_{ж.а}$), сағат	Аптасына жұмыс уақытының саны ($Т_{ж.ап}$=$Т_{ж.а}$×6 күн), сағат	Артық істеу коэффициенті, $К_{арт}$ = $Т_{ж.ап}$/40 сағат
9	54	1,35
10	60	1,5
11	66	1,65
12	72	1,8

Г қосымшасы

(міндетті)

Г.1 кестесі – Жұмыс ауысымының ұзақтығына байланысты вахталық жұмыскерлердің орташа сағаттық еңбек өнімділігін төмендетудің орташаланған коэффициенттері

Жұмыс ауысымының ұзақтығы ($Т_{ж.а}$), сағат	Орташа сағаттық еңбек өнімділігін төмендетудің орташаланған коэффициенті ($К_{оеө}$)
9	0,02 – 0,04
10	0,04 – 0,06
11	0,06 – 0,08
12	0,08 – 0,12

БЕЛГІ ҮШІН

ДЛЯ ЗАМЕТОК

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер

БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

ҚР ҚНБҚ 8.04-09-2022

ҚОСЫМША ШЫҒЫНДАРДЫҢ СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ
Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар

Басылымға жауаптылар: «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
Қарпі: Times New Roman. Пішімі 60 × 84 $^{1}/_{8}$

050046, Алматы қаласы, Солодовников көшесі, 21
Тел./факс: +7 (727) 392 76 16 – қабылдау бөлмесі

Издание официальное

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства

НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

НДЦС РК 8.04-09-2022

СМЕТНЫЕ НОРМЫ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ЗАТРАТ
Затраты на организацию и управление строительством

Ответственные за выпуск: АО «КазНИИСА»
Гарнитура: Times New Roman. Формат 60 × 84 $^{1}/_{8}$

050046, г. Алматы, ул. Солодовникова, 21
Тел./факс: +7 (727) 392 76 16 – приемная